



Сыр бойы

№81-82 (20957-20958) 31 мамыр, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨЗ ҰСТАНЫМЫН НЫҒАЙТЫП КЕЛЕДІ

Кеше Астанада бірінші «Орталық Азия – Италия» саммиті өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев саммитті ашу барысында Қазақстанға сапармен келгені және бүгінгі жоғары деңгейдегі кездесуге бастамашы болғаны үшін Италия Министрлер Кеңесінің төрағасы Джорджа Мелониге ризашылығын білдірді.

– Сізді елордамызда қарсы алу – мен үшін үлкен мәртебе. Соғыстан кейінгі жылдарда Италия Үкіметінің басшылығына жеткен алғашқы әйелсіз. Әлемдік қоғамдастық мойындағандай, қазіргі заманның белгілі, тіпті, аса көрнекті саяси қайраткерісіз. Сіздің ішкі сын-көтер мен халықаралық проблемаларға қатысты көзқарасыңызбен және іс-әрекеттеріңізбен толықтай келісемін. Астана халықаралық форумына қатысып, мазмұнды баяндама жасағаныңыз үшін ризашылығымды білдіремін. Сіздің сөзіңізді саяси және сарапшылар қауымдастығы өте жақсы қабылдады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысқан және өңірлік кооперацияға ұдайы қолдау көрсетіп келе жатқан Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттердің басшыларына алғыс айтты.

– Орталық Азия ықпалы заманнан бері Шығыс пен Батыс арасында дәнекер болып, өркениетаралық диалогты дамытуда маңызды қызмет атқарған. Бүгінде біздің өңір бұрын-соңды болмаған бірліктің үлгісін танытып, тату көршілік және баршаға ортақ прогресс қағидаттарын берік ұстанатынын көрсетуде. Әлемдік аренада жасампаз күн тәртібін ілгерілеті отырып, Орталық Азия халықаралық қатынастың ықпал-



ды субъектісі ретінде өз ұстанымын дәйекті түрде нығайтып келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ отыз жылдан астам уақыт ішінде Италия өзін Орталық Азия елдерінің орнықты дамуына септігін тигізген сенімді серіктестердің бірі ретінде көрсеткенін, «Орталық Азия+» форматында мүмкіндіктерді жұмылдыру Италия мен аймақ елдерінің өзара тиімді ынтымақ-

тастығын кеңейтуге ықпал ететінін айтты.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Италиямен ықпалдастықтың перспективті бағыттарына қатысты ойымен бөлісті.

– Сауда-экономикалық байланысты тереңдету – басты басымдық. Әлемнің негізгі экономикалық полюстері арасындағы тарифтік қақтығыстың салдары барлық ел үшін ауыр

болуы мүмкін. Мұндай жағдайда бұрын жолға қойылған сауда-экономикалық байланыстарды сақтап қалумен бірге, оны нығайтуға күш салу да өте маңызды. Біздің ойымызша, бірлескен жобаларды іске қосуға, ең алдымен, қосылған құны жоғары өнім шығару есебінен тауарлардың түрін көбейтуге басаман беруге болады. Мәселен, Қазақстан Италияға жалпы құны 1 миллиард долларға жуықтайтын тауардың 100-ден аса түрі бойынша экспорт көлемін арттыруға дайын. Бұл ретте металлургия, машина жасау, мұнай-химия өнеркәсібі және басқа да өнімдер туралы сөз болып отыр, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдері Еуропаға өздерінің агроөнеркәсіп өнімдерін жеткізуде мол әлеуетке ие деп санайды. Бұдан бөлек, сауда үйлері мен логистикалық орталықтардың ашылуы елдер арасындағы саудасаттыққа тың серпін береді. Осы орайда, Қазақстан Президенті Алматыда Италия сауда үйін ашуды ұсынды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан-Италия серіктестігінің локомотиві саналатын энергетика саласындағы ынтымақтастықты тағы бір өзекті міндет ретінде атады.

– Еліміз Еуропа Одағына мұнай экспорттаушы мемлекеттердің алғашқы үштігіне кіреді. Былтыр Қазақстаннан Италия нарығына жеткен мұнай көлемі 30 миллион тоннадан асты. Бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 27 пайызға артық. Қажет болған жағдайда оның көлемін арттыруға дайынбыз. Сонымен қатар болашағымыз баламалы энергия көздеріне байланысты болмақ.

2-бет

ҚАЗАҚСТАН-ИТАЛИЯ: СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА СИПАТЫ

Ақордада Астанаға ресми сапармен келген Италия Министрлер кеңесінің төрағасы Джорджа Мелониді салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті.

Қазақстан Президенті мен Италия Премьер-министрі бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт берген соң, екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды.

Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джорджа Мелони тет-а-тет форматында келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Италия Министрлер кеңесінің төрағасына Қазақстанға ресми сапармен келгені үшін алғыс айтты.

– Сіздің бұл сапарыңыз – екіжақты ынтымақтастығымыздағы айтулы оқиға. Біз өзара байланысқа, достық пен сенімге құрылған қарым-қатынасқа айрықша мән береміз. Италия Қазақстанның әлемдегі сауда серіктестерінің үштігіне кіреді және Еуропадағы ірі әріптесіміз. Бұл бекер емес. Екіжақты ынтымақтастықтың жоғары қарқынын сақтауымыз қажет. Сіздің сапарыңыз қос ел арасындағы көпқырлы ықпалдастықты дамытуға тың серпін беретіні сөзсіз, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Астана халықаралық форумының арнайы сессиясына қатысқаны үшін Италия Премьер-министріне ризашылығын білдірді.

Өз кезегінде Джорджа Мелони бұл сапардың Қазақстан мен Италия қарым-қатынасын жандандыруға ықпал ететінін айтты.

– Еліңізге шақырып, қонақжайлық танытқаныңыз және Астана халықаралық форумында сөз сөйлеуге мүмкіндік жасағаныңыз үшін тағы да алғыс айтамын. Бұл форум диалог үшін маңызды алаңдардың біріне айналып келеді. Біз Қазақстанды Италияның стратегиялық серіктесі, ал Орталық Азия өңірін стратегиялық тұрғыдан маңызды тоғыз жолдың торабы ретінде қарастырамыз. Бізге диалог қажет. Мұны Өзіңіз де жақсы түсінесіз. Қазақстан – Италияның көптеген сала бойынша маңызды әріптесі. Екі ел арасындағы ынтымақтастықты быстыра дамып келеді. Әйтсе де, кеше айтқанымыдай, энергетикадан бастап мәдениетке дейін, университеттердің тәжірибе алмасуы, халықтар арасын жақындату бағыттарында бұдан да жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бар, – деді Италия Премьер-министрі.

Кездесуде сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты кеңейту перспективасы талқыланды. Энергетика, аса маңызды материалдар, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік-логистика, сонымен қатар жанартаулы қуат көздері салаларында байланыс орнату мәселелері егжей-тегжейлі қарастырылды. Бұдан бөлек, өңірлік және халықаралық күн тәртібіне қатысты пікір алмасты.

Кеше сенді-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Джорджа Мелонимен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Жиынға екі ел делегациялары қатысты.

/// 1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

ЖАҢАРҒАН САЯБАҚТАР ЖАЙЛЫЛЫҚ СЫЙЛАЙДЫ



Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Кейінгі кезде облыс аумағында балалар алаңсыз асыр салып ойнайтын орын көптеп ашылууда. Заманауи ойын, спорттық алаңдар мен субұрқақтар... Халық демалатын орындарды абаттандыру, саябақтар мен сквер-аллеяларды қайта жаңғырту қолға алынды.

Қызылордада үлкенді-кішілі 42 саябақ және демалыс паркі бар. Қалалық аттракциондар паркі, Тұңғыш Президент паркі, Б. Шөкенов атындағы саябақ және Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығы ескерткіші маңындағы саябаққа келуші көп. Аталған демалыс орындарының 70%-дан астамы ескірген болатын. Осы орайда қаланың келбетін көріктендіру, туризм деңгейін көтеру, халықтың демалыс орындарына қолжетімділігін арттыру мақсатында оларды қайта жаңғырту үшін жоба-сметалық құжаттама әзірледі.

Бүгінде 1953 жылы ашылған аттракциондар паркі, 2002 жылы пайдалануға берілген Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығы ескерткіші маңындағы саябақ, 2018 жылы Пионерлер паркі атауын ауыстырған Б.Шөкенов атындағы саябақ қайта жаңғыртылууда.

3-бет

«ҚОРҚЫТ АТА» АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҒЫ БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?

Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихында өңірді ілгерілетуге арналған бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылып келеді. Соның бірі – 1996 жылы 8 қазанда қабылданған Президент Жарлығы негізінде құрылған Қызылорда арнайы экономикалық аймағы. Аталған АЭА небәрі 3 жыл жұмыс істегенімен, бұл бастама өңір экономикасын жандандыру бағытында нақты қадам болғанын көрсетті. Сол кезеңде жүргізілген жұмыстар арнайы экономикалық аймақтар құрудың маңызын, сондай-ақ олардың өңірлік даму стратегиясындағы орнын айқын дәлелдеп берді.

Бүгінде Қазақстанның басты даму басымдықтарының бірі – өнеркәсіптік кластерлер мен логистикалық инфрақұрылымды дамыту. Бұл бағыт Мемлекет басшысының Жолдауында нақты атап көрсетілген.

Осыдан бір жыл бұрын Үкімет басшысы Олжас Бектенов арнайы экономикалық аймақтар институты әлі күнге дейін тиісті деңгейде дамымай отырғанын айтқан еді. Ал озық елдердің көпшілігі арнайы экономикалық аймақтарды инвестиция тартудың тиімді құралына айналдырған.

– Дүниежүзілік банктің деректеріне сүйенсек, тартымдылығы жағынан салық және кедендік жеңілдіктер тек үшінші және төртінші орындарда тұр. Ал бірінші позицияда қолайлы әкімшілендіру және қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету құралдары орналасқан. Біздің Арнайы экономикалық аймақтарды реформалау әрекетіміз олардың тиімділігін арттыра алмай келеді. Сондай-ақ біз басқарушы компанияларды қамтамасыз етуге қомақты бюджет қаражатын жұмсап отырмыз. Бірақ олардың тарапынан инвестиция түрінде тиісті қайтарым жоқ, – деген еді Олжас Бектенов.

2-бет



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨЗ ҰСТАНЫМЫН НЫҒАЙТЫП КЕЛЕДІ



Бұл қазірдің өзінде анық байқалады. Төмен көміртекті экономикаға жүйелі түрде көшу – Қазақстан басымдықтарының бірі. Италиялық серіктестерімізбен бірлесіп, еліміздің бірқатар өңірінде жел мен күн электр станцияларын салып жатырмыз. Аталған жобалар үшін ризашылығымызды білдіреміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы өнеркәсіптік кооперацияны нығайту зор мүмкіндікке жол ашады деп санайды. Қазақстан Орталық Азиядағы сирек металдардың кен орындары туралы барлық өзекті ақпаратты жинақтайтын Аймақтық зерттеу орталығын құру туралы бастама көтерді.

– Бірлескен кәсіпорындар құру, технологиялар трансферті, италиялық өндірісті өз аймағымызда локализациялау ортақ мүддеге сай келеді. Бұдан елдеріміз едәуір пайда табады. Бұл бағытта жемісті ықпалдастықтың мысалдары бар. Атап айтқанда, қазақстандық зауыттардың бірінде италиялық ауыл шаруашылығы техникасын құрастыру жолға қойылған. Бұдан бөлек, Италия компанияларының қатысуымен күкірт қышқылын өндіретін

1-бет

және газ өңдеу зауыттарының құрылысы басталды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент тағы бір маңызды мәселе ретінде трансконтиненталды байланысты нығайтуға тоқталды. Яғни Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыта отырып, елдеріміз көне Жібек жолын жаңа сипатта қайта жаңғыртып жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев баяндамасында қоршаған ортаны қорғау және экологиялық орнықтылық мәселелерін де қамтыды. Мемлекет басшысы Орталық Азия қазірдің өзінде жаһандық жылыну салдарын бастан кешіріп жатқанын айтты. Президент Италия тарапына аймақтағы экологиялық проблемаларды шешуге, соның ішінде Арал теңізі бассейнін қалпына келтіруге белсенді қолдау көрсеткені үшін ризашылығын білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру мен мәдениет салаларындағы ықпалдастық жайында сөз қозғады.

– Қазіргі уақытта Италияда төрт мыңға жуық қазақстандық студент білім алады. Біз жастарымыздың үздік университеттерде оқуына мүмкіндік жасағаны және грант пен шәкіртақы ұсынғаны

үшін Италия Үкіметіне алғыс айтамыз. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Италияның техникалық жоғары оқу орындарының Қазақстанда филиалдарын ашуға шақырамын. Біз қазір инженерлік-техникалық білімге ерекше мән береміз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі дамыту мақсатында 2026 жылы «Орталық Азия мен Италияның мәдениет жылы» тақырыбы аясында бірлескен іс-шаралар легін өткізуді ұсынды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев жиында айтылған ұсыныстардың барлығы отырыс қорытындысы бойынша қабылданатын Бірлескен декларацияда көрініс табатынын жеткізді.

Сондай-ақ бірінші «Орталық Азия – Италия» саммитінде Италия Премьер-министрі Джорджа Мелони, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.

«ҚОРҚЫТ АТА» АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҒЫ БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?

Осыған орай, Қызылорда облысы да өзінің экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану жолында жоспарлы әрі жүйелі жұмыстарды қолға алып отыр. Өңірдің тиімді көлік қатынастары, теміржол желісі, халықаралық әуежай және республикалық маңызы бар автожолдар торабында орналасуы оны болашақта еліміздің жетекші логистикалық әрі индустриялық хабына айналдыруға негіз бола алады.

Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану мақсатында, облыс әкімінің тапсырмасымен өткен жылдан бастап арнайы жұмыс тобы құрылып, Қызылорда қаласында жаңа «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағын құру бағытында орталық мемлекеттік органдармен тығыз жұмыс жүргізілді.

Осылайша, Қазақстанда тағы бір маңызды стратегиялық бастама жүзеге аса бастады. Үкіметтің 2025 жылғы 14 мамырдағы қаулысымен Қызылорда облысында «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) құрылды. Бұл шешім Премьер-министр Олжас Бектеновтің өңірге жұмыс сапары қорытындысында берген тапсырмаларын орындау және аймақтың экономикалық өсімін қамтамасыз ету мақсатында қабылданды.

АЭА Қызылорда қаласындағы жаңа халықаралық әуежай терминалына іргелес орналасып, жалпы аумағы 550 гектарды қамтиды. Оның құрылымы үш негізгі кластерге бөлінген: авиацияға қызмет көрсету – 50 гектар, көтерме-бөлшек сауда және қоймалау – 100 гектар, өнеркәсіптік аймақ – 400 гектар.

Айта кетейік, АЭА географиялық тұрғыда тиімді орналасқан. Оның «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне жақын орналасуы логистикалық және транзиттік әлеуетті арттыруға жол ашады. Бізге облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Дәурен Әбілқайыров АЭА аясындағы жеңілдіктер туралы айтып берді.

– «Қорқыт Ата» АЭА қатысушыларына ҚР заңнамасына сәйкес бірқатар салықтық және кедендік жеңілдіктер ұсынылады. Әлеуетті инвесторлар үшін жеңілдіктер мен преференциялар көзделген: корпоративтік табыс салығынан (КТС) босату, АЭА аумағына өткізілетін тауарларға қосылған құн салығынан босату, кедендік баждардан босату, жер және мүлік салығынан, жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемәкылдан босату, квоталардан тыс және рұқсатсыз шетелдік жұмыс күшін тарту сияқты жеңілдіктер қарастырылған. Бұдан басқа, мемлекет жобаларды іске асыру үшін аймақты қажетті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді және кейіннен сатып алудың құқығымен жер учаскесін тегін жалға береді, – дейді басқарма басшысы.

«Қорқыт Ата» АЭА-ның басты мақсаты – өңірге отандық және шетелдік инвестицияларды тарту, кәсіпкерлік пен өндірісті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу, Қызылорданың өнеркәсіптік және экспорттық әлеуетін көтеру.

2049 жылға дейін аймаққа 150 млрд теңге көлемінде инвестиция тарту көзделсе, оның ішінде 80 млрд теңгесі шетелдік капитал болмақ. Жалпы өндірілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтер көлемі 500 млрд теңгеге жетеді деп жоспарлануда. Қазақстандық қамту үлесі 90%-ға дейін жетеді. Алдағы 25 жыл ішінде 3 366 жаңа жұмыс орны ашылып, 39 қатысушы компания тіркеледі.

АЭА қатысушыларына корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, жер және мүлік салығы, кедендік баждар мен төлемдерден босату секілді салықтық жеңілдіктер ұсынылады. Сондай-ақ шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған

жеңілдіктер де қарастырылған. Мемлекет тарапынан қажетті инфрақұрылым тартылып, жер телімдері кейін сатып алу құқығымен тегін жалға беріледі.

Мақұлданған 28 экономикалық қызмет түрі (ОКЭД) аясында келесі бағыттар бойынша жобалар жүзеге асады: жүк авиатасымалы, қоймалау және логистика, құрылыс индустриясы (шыныпластик арматура, полимерлі құбырлар, фиброцемент және газобетон өнімдері), жеңіл өнеркәсіп (жүн және тері өңдеу, тоқыма және киім өндірісі), машина жасау және ауылшаруашылық техникасы өндірісі, инновациялық және жоғары технологиялық жобалар.

Қытайлық инвестормен силикатты-кальцийленген тақтайша өндіру жобасы бойынша алғашқы меморандумға қол қойылды.

Басқарма басшысы Д.Әбілқайыров бұл жоба Қызылорда өңірін Қазақстанның логистикалық және өндірістік картасында жетекші орынға шығаратынын айтты.

– Сонымен қатар, ол өңірлік шағын және орта бизнестің дамуына да айтарлықтай әсер етеді. «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы – бұл заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған, салықтық және кедендік жеңілдіктермен қолдау тапқан, кез келген инвестор үшін тартымды индустриялық платформа болмақ. Қызылорда облысының жаңа индустриялық кезеңге аяқ басуына мүмкіндік береді, – дейді ол.

«Арнайы экономикалық аймақ бізге не береді?» деген сауалды белгілі қаржыгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қалқазбек Әжібековке қойған едік.

– АЭА былтыр ашылған халықаралық әуежай терминалы жанынан салынады. Оның аумағы бірнеше жүз гектарды құрайды. Арнайы өндірістік аймақ қоршалады, онда үлкен-үлкен терминалдар салынады, қоймалар болады. Оған өзімізден де, шетелден де инвесторлар тартылып, оларға салық түрлері мен кедендік жеңілдіктер жасалады. Мәселен, жалға алу құны төмен болуы не одан мүлдем босатылуы мүмкін. Қысқасы, кәсіпкерлерге көптеген жеңілдік беріледі. Бұл мүмкіндік тауардың өзіндік құнына айтарлықтай әсер етеді. Бизнес дамыса, жаңа жұмыс орындары ашылады деген сөз. Бұл өз кезегінде халықтың тұрмыс деңгейінің жақсаруына әкеледі.

Білесіздер, «Өтпелі кезең» деп айдар таққан 1990 жылдардың соңында Қызылорда қаласына арнайы экономикалық аймақ мәртебесі берілді. Ондай мәртебе елімізде Лисаковск қаласы мен Атаусу-Жайрем сияқты 2-3 қалада ғана болды. Өмір бойы дотацияда отырған Қызылорда бюджеті арнайы аймақ болған үш жылда айтарлықтай өсті. 1999 жылы қала бюджеті 350 млн теңгеден асып, облыстың кейбір мекемелерін қаржыландырағанымыз есімде. Сөйтіп, Қызылорда донор қалаға айналды. Себебі, республикалық бюджетке кететін қаржы жергілікті жерге қалдырылған еді. Арнайы экономикалық аймақ өңірдің дамуына тың серпін береді деп үміт арттамыз, – дейді қаржыгер.

Расында, «Қорқыт Ата» АЭА облыстың мұнайға тәуелді экономикасын әртараптандыруға, өндіріс, логистика және сауда бағыттарын кеңейтуге жол ашады. Бұл бастама Қазақстандағы арнайы экономикалық аймақтар институтын жандандырып, өңірлік дамуға жаңа тыныс береді. Сонымен қатар, туристік әлеует пен заманауи инфрақұрылымды дамытуға да ықпал етеді.

Келешегі зор бастама еліміз үшін ғана емес, тұтас Орталық Азия үшін маңызды инвестициялық және индустриялық хаба айналуы мүмкін.

Дәуржан ЕЛУБАЕВ,
«Сыр бойы»

«АТА ЗАҢ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ»

Кеше «Достық» үйінде ҚР Конституциясының 30 жылдығына арналған «Ата Заң – Тәуелсіздік тірегі» атты кездесу өтті. Оған Конституциялық сот судьясы Айгүл Қыдырбаева, Конституциялық Сот Аппаратының талдаушысы Алия Бердібаева, Бас прокуратура өкілі Серік Әділкенұлы, заңгерлер мен аймақ прокурорлары қатысты.

Басқосуда қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз ету, құқықтық мемлекетті дамыту, азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелері талқыланды. Жинға облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов төрағалық етіп, қатысушыларды Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығымен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен еліміз үшін аса маңызды саяси реформалар жүзеге асырылды. Бұл өз ретінде елдің басты заңы – Конституцияға бірқатар өзгеріс жасауды талап етті.

2022 жылы республикалық референдум өткізіліп, Ата Заңның 33 бабына



56 өзгерту енгізілді. Республикалық референдумдар, Президент, Парламент Сенаты мен Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы саяси трансформацияның нақты көрінісі болды. Осы ретте тәуелсіз сот жүйесін, қуатты құқық қорғау органдарын қалыптастыру құқықтық мемлекет құрудың басты шартына айналды. Біз

осы реформалар арқылы саяси жаңғыруға, Әділетті Қазақстанды құру жолына қадам басудамыз, – деді Шахмардан Асқарұлы.

Кездесуде спикерлер мазмұнды баяндамалар жасап, қатысушылар өз пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ЖЭО ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында қолға алынған ауқымды жоба – Қызылорда қаласынан 240 МВт электр энергиясы мен 277

Гкал жылу энергиясын өндіретін жаңа жылу-электр орталығын салу. Құны 215 млрд теңге болатын құрылысты Түркияның «Akso Energy» компаниясы жүргізуде. Бүгінде орталық құрылысына 137 млрд теңгеден астам инвестиция

салынды.

Жоба аясында қуаттылығы 180 МВт болатын 2 газ-турбина қондырғысы (General Electric, АҚШ), 95 МВт-тық бу турбинасы (Doosan Skoda, Чехия), 2 бу қазандығы (AC BOILERS, Италия) мен 4 жылу қазандығы (Mimsan, Түркия) қойылады. Қазіргі кезде негізгі қондырғылар жеткізіліп, орнатылуда. Құрылыс жұмыстарының 70%-ға жуығы аяқталды.

Президент тапсырмасымен Қызылорда облысында салынатын, құны 800 млрд теңге, қуаттылығы 1100 МВт болатын бу-газ қондырғыларының құрылысы – оңтүстік өңірлердің энергетикалық тәуелсіздігіне бағытталған мегажоба. «Самұрық Энерго» компаниясы Қатар инвесторымен келіссөз жүргізіп, техникалық-экономикалық негіздемесін әзірледі. Жаңа бу-газ қондырғыларын салу үшін облыс әкімдігі 280 гектар жер телімін бөлді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өте маңызды жобаны 2028 жылы іске қосу жоспарланған.

Оңтүстік өңірлерге табиғи газ тарту мақсатында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының екінші желісін салу көзделген. Ұзындығы 1500 шақырым болатын газ желісінің 843 шақырымы Қызылорда облысының аумағынан өтеді деген болжам бар.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУҒА БАРШАМЫЗ МҮДДЕЛІМІЗ

«Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» заңға сәйкес тегіне, нәсіліне және ұлтына, әлеуметтік және мүлiктiк жағдайына, жынысына, тiлiне, бiлiмiне, дiнге деген көзқарасына және тұрғылықты мекен-жайына қарамастан, барлық баланың құқығы тең. Сондықтан балалардың жарқын болашағы үшін жалпы атқарылып жатқан жұмыстардан бөлек, олардың құқықтарының сақталуы да басты назарда. Бұл туралы Қызылорда облысының бала құқықтары жөніндегі уәкілі Жақсыгүл Тоғановамен әңгімелескен едік.



– Сәлеметсіз бе? Халықаралық балаларды қорғау күні құтты болсын! Оқу-ағарту министрлігінің шешімімен 2022 жылдың тамызынан бастап әр аймақта бала құқығын қорғау жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілді. Бұл лауазымның құзырында қандай міндеттер қамтылған?

– Рақмет! Адам құқығы – бала құқығын қорғаудан басталады. Бала атаулы қашан да ерекше қорғау мен қамқорлыққа мұқтаж екенін ескерсек, бұл заң жүзінде реттеліп, бекітілуі тиіс. Бұл орайда бала құқығын қорғау жөніндегі уәкілдің негізгі міндеті – балалардың құқығын заң жүзінде қорғау, сондай-ақ, мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл барысында балалардың құқығы бұзылған жағдайда жедел араласып, бостандығын қалпына келтіру. Өздеріңізге белгілі, бұл ретте балаларға қатысты қандай да бір мәселе бірінші кезекте, ата-аналармен, сонымен қатар, тиісті жауапкершілігіне қарай жеке тұлғалармен, мемлекеттік ұйымдармен бірлесе шешіледі.

Айта кетейік, бала құқықтары жөніндегі уәкіл қоғамдық негізде жұмыс істейді. Сондай-ақ олар балаларды қорғау саласындағы мәселелерді шешуге арналған заң жобаларын ілгерілетуге қатысады. Бүгінде елімізде бала құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін 45-тен астам заңнамалық құжат бар. Қазақстан Республикасының заңдарымен және Президент актілерімен жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыру барысында облыстағы балалар құқықтарын, мүдделерін қорғау, ведомстволаралық байланыс орнату, балалар арасындағы зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу, оларға тұрмыстық, медициналық, педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық тұрғыда әлеуметтік қызметтер көрсету, сондай-ақ, аталған әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды оналуды жүзеге асыру – біздің басты мақсатымыз.

Бұл лауазым – мен үшін үлкен жауапкершілік пен сенім. Осы орайда ең алдымен әлеуметтік әріптес, серіктес мекемелерге тоқталып өтейін. Мысалы, «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылы. Бұл мекеме ашылған уақыттан бастап М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжін сенімді әріптестігіміз жыл өткен сайын нығая түсуде. Сонымен қатар, «Қызылорда облыстық психологиялық қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен, «Қамқорлық» дағдарыс орталығымен бірлескен көптеген шаралар атқарылды. Түрлі тақырыптарда семинар-тренингтер, танымдық-тәрбиелік шаралар жүргізілді, ата-аналармен ашық алаң өткізілді.

Бұдан бөлек, «Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері» бағытында білім беру ұйымдарында асхана және тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомстволаралық сараптамалық топ құрамында зерделеу жұмыстарына қатыстым. «Жекеменшік орта білім беру ұйымдарының көрсетілетін қызметтердің сапасына зерделеу жұмыстарын жүргізу» тобының құрамында бірнеше мектептердегі қызмет көрсету сапасын қадағалап, талапқа сай ұсыныстар берілді. Осы бағытта арнайы мектеп-интернаттары қызметіне де зерделеу жүргізілді.

– Жақсыгүл Қожақызы, біздің бала күніміз бен бүгінгі

балаларға жасалып отырған жағдайды салыстырсақ, арасы жер мен көктей десек болады. Әйтсе де қазіргі қоғамда бала тәрбиесі өзекті. Осының себебі неде деп ойлайсыз?

– Иә, қай қоғамда да балалардың денсаулығына, білім алуына, өмірінің қауіпсіздігіне мемлекет кепіл. Солай десек те қазір қоғам тыныштығы қалыпты жағдайда деп айта алмаймыз. Оның сан түрлі себептері бар. Бір ғана себебін айтар болсақ, түрлі әлеуметтік желі арқылы таралып жатқан толассыз ақпаратты шектеусіз қабылдай берудің салдары да балалар мен жасөспірімдер психологиясына кері әсер етіп отыр. Бір қунарлығы, бүгінде бұл мәселенің шешімі ретінде Мемлекет басшысының бастама-сымен қолға алынған балаларды кітап оқуға баулу бағытындағы жұмыстарда оң нәтиже байқалып келеді.

Жалпы елімізде балалардың бақытты болашағы үшін лайықты жағдай жасалып отыр деп айта аламыз. Бұл орайда мемлекеттік білім беру ұйымдарынан бөлек, уақыт талабына сай бәсеке-лестік ортада сапалы қызмет көрсететін жеке секторлардың да жұмысы сұранысқа ие.

Мемлекет басшысының бастама-сымен білім беру сала-сында көптеген кешенді шаралар жүзеге асуда. Оның ішінде балалардың тұлғалық және зияткерлік дамуына бағытталған қосымша білім беру саласына ерекше көңіл бөлінуде. Бұған өңірімізде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар нақты дәлел болады.

Айталық, жақында ғана облыс орталығында балаларға арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық инновациялық академиясы ашылды. Онда бір мезгілде 500, ал тәулігіне 3 мыңға дейін оқушыны қабылдай алады. Орталық ғимараты ғылыми-техникалық, спорттық-сауықтыру және жүзу бәсе-сейіндеріне арналған блоктарға бөлінген. Ғылым, инженерия, шығармашылық, өнер, тарих, өлкетану, цифрлық техно-логиялар мен спорт бағыттары бойынша 40-қа жуық үйірмелер жұмыс істейді. Шығармашылық академия Сыр өркендерінің арасынан болашақ ғалымдарды, өнертапқыштарды, әдебиет пен өнердің жарық жұлдыздарын тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады деп сенеміз.

Бұдан бөлек, балалар игілігі үшін кейінгі үш жылда облыста 3 оқушылар сарайы мен 2 өнер мектебі пайдалануға берілді. Биылғы жылы өңірде тағы 200 орындық оқушылар сарайы мен 50 орындық өнер мектебінің құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ «Қазақстан халқына» коры-ның қолдауымен облыс орта-лығында 300 орындық жазғы демалыс лагері бөі көтеруде.

– Жогарыда айтып өткеніміздей, балаларға қосымша білім беру бағытына мемлекет тарапынан қолдау ерекше. Қазір елімізде мектептен тыс қызмет көрсететін ұйымдардың саны қанша?

– Ел аумағында 1713 мектептен тыс ұйым жұмыс істейді. Бүгінде «Балаларды сауықтыру және олардың шығармашылық, зияткерлік әлеуетін дамыту жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған жол картасы» шең-берінде ауыл мектептерінде 1 мың комьюнити-орталық ашу бойынша жұмыс жүргізілуде. Жол картасы бойынша 2027 жылға дейін 100 қосымша білім беру ұйымын іске қосу жос-парланған.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген халқымыз бала тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген. Бүгінгі күні біздің алдымызда тұрған зор міндет – білім беру сапасын арттыру, бала бойындағы мүмкіндіктерді ашу. Адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасы оның алған тәлім-тәрбиесімен сипатталатынын ескерсек, әрбір баланың моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау – бүгінгі күннің басты міндеті, сондай-ақ алдағы күннің талабы.

«Барым балам үшін» деген ұстаныммен өмір сүрген халқымыз үшін көзінің қарашы-ғындай бүлдіршіндердің бейбіт күнде қауіпсіз өмір сүруі, лайықты білім алуы – бүгінгі қоғамның алдында тұрған ең басты міндеттің бірі. Сол себепті, біз балабақшада, мектепте, мектептен тыс уақытта балалардың тиісті күтім мен қамқорлық көруіне барынша жұмыс жасап келеміз.

Кейінгі он жылда балалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында көптеген жұмыстар атқарылды және жылдан-жылға бала құқығын қорғау жүйесі жетілдіріліп келеді. Бала өзінің физикалық және ақыл-ойының толық жетілмеуіне байланысты туғанға дейін де, туғаннан кейін де қашанда арнайы қорғау мен қамқорлыққа мұқтаж. Біз оларды құқықтық тұрғыда әрдайым қорғауымыз қажет.

Балалардың құқығын қорғау үшін «111 жедел қызмет» байланыс орталығы іске қосыл-ғанын білесіздер. Осы байланыс орталығына қоңырау шалу бойынша түскен арыз-шағымдар дер кезінде қаралып, фактілерін нақтылау бойынша тиісті қолдау жұмыстары жүргізілді, оң шешім табуына жағдай жасалды.

Балалар күні мерекесі қарсаңында білімнің қарашаңы-рағы саналатын М.Мәметова атындағы Қызылорда педа-гогикалық жоғары колледжінде Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесіне арналған «Балалар үні» атты тақырыптық шаралар аясында «Баланың әл-ауқаты – мемлекеттің қамқор-лығы» атты мерекелік жиын ұйымдастырылды. Салтанатты жиында облыстық білім бас-кармасы басшысының орын-басары Бекжан Есенбаев мере-кеге орай балаларды құттықтап, басқарма басшысының арнайы құттықтауын табыстады.

Қызылорда облысы бойынша бала құқықтары жөніндегі уәкіл ретінде өзім және Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қызылорда облысы бойынша өкілі Берікбол Байхожаев, «Жастар рухы» Жастар қанаты Қызылорда облыстық филиалы төраға орынбасары Нұрбол Серікбай дөңгелек үстел басын-дағы мерекелік шараға қатысушы облыс бойынша балалар омбуде-мендеріне игі тілектерімізді арнап, елдік мүдде жолында жасалып жатқан жұмыстарына сәттілік тіледік.

Дөңгелек үстел барысында балалар құқықтарын қорғау, әлеуметтік қолдау, жұмыс барысында кездесетін қиын-дықтар мен оларды шешу жолдары талқыланды. Жаңаша тың ұсыныстар мен құнды пікірлер айтылып, қызу талқыға түскен жиын болды. Осындай еркін пікір алмасу алаңдарын ұйымдастыру – үлкендер мен балалар арасындағы алтын көпір болады, аналы ұрпақ қалыптас-тыруда өзіндік орны бар, әрі жастардың азаматтық белсе-ңділігін арттыруда, өзара тәжірибе алмасуларына пайдасын тигізеді деп ойлаймын.

Бір жылға жуық уақытта біршама жұмыс атқарылды. Дегенмен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, қоғамда атқарылып жатқан кешенді жобалар, жасөспірімдердің құқықтық сауат-тылығын арттыру, заңсыз іс-әрекеттер жасаудан қорғау, заңға бағынушы азамат ретінде құқықтық тәлім-тәрбие беру мәселелері ешқашанда күн тәртібінен түспек емес. Саналы ұрпақ тәрбиелеу – баршамыздың алдымызда тұрған мәртебесі биік, маңызды зор ұлттық мәселе деп ойлаймын.

– Уақыт бөліп, сұхбат бер-геніңізе рақмет!

Әңгімелескен
Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ЖОБА

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ КОМЕГІН АЛУШЫЛАРҒА ТАУАРЛЫҚ ГАЗ БОЙЫНША ВАУЧЕРЛЕР ҰСЫНУ ҮШІН ТҰТЫНУ НОРМАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына, «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Респуб-ликасы Заңының 7-бабы 5-тармағының 6-2) тармақшасына, «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормаларын есептеу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 18 қыркүйектегі № 377 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17472 тіркелген) және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Сқиярдың 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 21-19/3048 тапсырмасына сәйкес,

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегін алушыларға тауарлық газ бойынша ваучерлер ұсыну үшін тұтыну нормалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н. НӘЛІБАЕВ**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына қосымша

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ КОМЕГІН АЛУШЫЛАРҒА ТАУАРЛЫҚ ГАЗ БОЙЫНША ВАУЧЕРЛЕР ҰСЫНУ ҮШІН ТҰТЫНУ НОРМАЛАРЫ

№	Тауарлық газды тұтыну сипаттамасы	Жылыту маусымындағы айлық норма, м³	Жылыту маусымынан тыс айлық норма, м³
1	Жылыту қазандығы, газ пли-тасы және су жылытқышы бар үй шаруашылығы	759	148

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

м³ – текше метр.

ЖАҢАРҒАН САЯБАҚТАР ЖАЙЛЫЛЫҚ СЫЙЛАЙДЫ



Аймақ басшысы: «Қаламызда халық демала-тын, әсіресе жаздың аптабында саялайтын орын аз. Сондықтан қаникул кезінде, кешкісін тұрғындар балаларын ертіп баратын, алаңсыз демалатын, үлкен-кішіге бірдей ыңғайлы, қауіпсіз саябақтар, парктөр көп әрі қолжетімді болуы керек. Жаңа парк немесе демалыс орнын салудың қажеті жоқ, қолдағы барымызды көгалдандырып, тазалап, абаттандырған өте тиімді. Жаңа аттракциондар, ойын алаңдарын, субұрқақтар салу саябақтарды көріктендіреді» деген болатын.

Аттракциондардың басым бөлігін тұрғын-дарға қолжетімді, яғни тегін етсе, кейбірі ақылы қызмет көрсетеді. Көптеген от-басының ірі сауда орталықтарындағы ойын алаңдарына балаларын апаруға мүмкіндігі жоқ. Сол себепті демалыс орындары қаланың әр аумағында болуы тиімді екенін айтақан.

Биыл қалалық мәдени және демалыс саябағы толық жөндеуден өтті. Жауапты – «Bi Global» ЖШС. Ашылғалы жөндеу жұмыстары жүргізілмеген саябақ толық сүріліп, қайта жаңғырды. Жалпы парк аумағы 6 гектар, оған жанадан 20 аттракцион қойылды. Сонымен қатар парк аумағына 20 мың шаршы метр брусчатка төселді. Велосипед пен жүргіншілерге арналған жолы да бар. Ашық аспан астында амфитеатр салынып, 200 метр орындық 4 қатардан қойылды, сыйымдылығы 300 адамға шақталған. Паркке 8 субұрқақ орнатылды. Оның екеуі субұрқақтар жиынтығынан тұрады. Аттракциондардың ішінде ең ерекшесі – телекомпат, шолу дөңгелегі (колесо обозрения), пират, карусельдер. Бұрын қалада балаларға арналған бетонды скейтпарк алаңы болмаған, жанарған паркте осындай алаң салынды. Ойын алаңы, автожол және спорттық жаттығуларға арналған орын, шағын футбол алаңы, қысқасы балаларға барлық мүмкіндік қарастырылды. Демалушыларға арналған орындықтар да көптеп қойылған. Қазіргі кезде парк жаңа кейіпке еніп, балаларға есігін ашуда ашады. Балдырғандар бұл сәтті асыға күтуде.

Тағы да айта кетерлігі, парктің алдыңғы бөлігінде орналасқан кіреберіс қақпасы да өзгерді. Орнына жаңа қақпа бой көтерді. Сонымен қатар жапон стилінде саябақ ашылды. Оның ерекшелігі – көпір мен сәнді қақпада.

Парк аумағындағы ағаштар сол қалпында қалды. Оған қосымша жаңадан жергілікті климатқа бейімделген 530 түп ағаш отырғызылып, 10 түрлі 30 мың түп гүл егілді. Тамақтану орындары заман талабына сай.

Тұңғыш Президент саябағында да жұмыс қызу, құрылыс үздіксіз жүруде. Алып техникалар күні-түні нысан басында. Осыдан 18 жыл бұрын ашылған демалыс орны көп ұзамай адам танымастай өзгереді. Құрылыс жұмыстарымен «Bi Global» компаниясы айналысуда. Жоба-сметалық құжаттама бойынша жалпы аба-тандыру аумағы 71,66 гектардан асады. Оның 20 мың шаршы метрге жуығы – құрылыс алаңы, 96 мың шаршы метрден астам жерге брусчатка төселіп, 93 мың шаршы метрден астам жерге

жасыл желек егіледі. Сонымен қатар тұманды фонтан, шолу дөңгелегі (колесо обозрение), тамақтану аумағы, амфитеатр, ойын, футбол, аттракцион, скейт парк, памп-трек, футбол, стрит-бол, теннис корты, бадминтон, баскетбол, воркаут, шахмат алаңдары, велосипед жолы және одан өзге мүмкіндіктер қарастырылған. Құрылыс Денсаулық сабағына дейін жал-ғасады. Жыл соңына қарай бұл жер көрікті орынға айналып, балалардың қуанышы еселене түседі.

Сондай-ақ суға түсу маусымының басталуына орай жаңадан қалалық жағажай ашылмақ. Енді балалар қауіпсіз аймақта емін-еркін шоғыла алады. Жауапты – «Сырдария Мұнай» ЖШС мекемесі. Жоба құны 30 млн теңге. Жалпы аумағы 16,6 гектар болса, оның ішінде жағажай аумағы 4 гектар. Жағажай аумағына 60 жатақ орын (лежак), 20-ға жуық ақылы демалу орын, ашық аспан астындағы кинотеатр, 2 волейбол алаңы, 2 алтыбақан, 2 фотоzona, құммен ойнайтын орын, батут, кәсіпкерлік дүңгіршектер мен тамақтану орын-дары қарастырылған. Қыста мұнда балалар сыр-ғанау үшін мұз айдынын ұйымдастыру жоспар-ланып отыр.

Жақында «Арай» аттракциондар паркі ашылғанынан оқырман хабардар. Онда да балалар үшін барлық жағдай жасалған, бағасы да қолжетімді. Аттракциондардың бөрі де жаңадан қойылған.

Демалыс парктөрі аудандарда да ашылып, ел игілігіне берілуде. Осыдан біршама уақыт бұрын Жаңақорған ауданында заманауи парк салынды. Жобаны «Азимут-М» ЖШС жүзеге асырды. Мұнда тұрғындар мен балалар үшін жазғы сахна, аттракциондар, балалар ойын алаңдары қызмет көрсетуде. Түрлі сусын, тағам дайындайтын дүңгіршектер де қойылған. Мұнда кешке келушілер көп. Серуен құрады, балалар алаңсыз асыр салады. Мәдени іс-шаралар да жиі ұйымдастырылады. Сондай-ақ алдағы уақытта парк ішінен балаларға арналған өзге де тың жобалар жүзеге аспақ.

Биыл Қазалы ауданындағы «Женіс» саябағына абаттандыру және құрылыс жұмыстары жүргізіліп, саябақ мәдени-демалыс кешені болып ашылды.

Аумағы 20 гектар болатын саябақтың аба-тандыру және құрылыс жұмыстарымен мердігер мекеме «ҚазЭлитСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі айналысуда. Мәдени кешенде «Данқ», «Тағзым», «Киелі қазақ елі», «Ғашықтар» аллеялары және отбасылық мейрамханалар мен тамақтану, демалыс орындары салынды. Сондай-ақ кешенде спорт және балалар ойын алаңдары, аквапарк, жасанды көлшік орналастырылған.

Осылайша саябақ аудан халқымен қатар көршілес аудандардың тұрғындары үшін де жайлы демалыс орнына айналды.

Бастысы, саябақтар мен демалыс орын-дарының жаңадан, заман талабына сай жасақ-талғанына тұрғындар мен балалар дән риза.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет

/// 31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Жас ұлғайған сайын кейде өткен шақтағы есте қаларлық сәттер ойға оралып, көз алдыңа елестеткендей боласың. Бір кездері Қазалы ауданындағы Қашақбай Пірімов атындағы ауылда қызмет бабында іссапарда жүргенмін. Жолым түсіп, келіп тұрғанда Қазмұхаммед Күлетов атындағы мектепте 1999 жылдан бері жұмыс жасайтын өлкетану музейін көру үшін арнайы бардым. №92 орта мектептің сол кездегі директоры Бақыт Тәжібаев сабақта екен. Аралап, мектептің мұнтаздай тап-таза дәлізімен қабырғалардағы безендірілу, оқушылар тағылым алатындай ретімен ілінген суреттерді тамашалап жүргенде алғашқы кездескен мұғалім жігіт жылы шырайлы амандасып, директордың бөлмесіне алып барды. Мұзей жайлы сөз бастап едім, мағлұмат бере бастады. Әңгіме арасында аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинеті «№92 орта мектебі жанындағы өлкетану музейі» деген атпен 2012 жылы арнайы шығарған кітапшаны да көрсетіп үлгерді. Қысқаша мәліметтер, түрлі-түсті фотосуреттермен, біраз еңбекпен шығарылғаны көрініп тұр. О баста тарих пөнінің мұғалімі Қараман Ертуған ұйымдастырып, онан кейін 2012 жылы мектеп музейі зерттеліп, жәдігер құжаттармен толықтырылып, қайта көркемделген. Ауылда туып-өскен, елінің, жерінің тарихын қастерлеген, танымал тұлғалардың өмірін зерттеп, жас ұрпаққа үлгі боларлықтай жасалған екен.

Осы кезде сабақтан шыққан директор Бақыт Тәжібаев та келді. Сыпайы қалпы, келе сала жағдайды сұрап, мектептің екінші қабатында орналасқан музейге өзі бастап барды.

Ол «Қ.Күлетов – қоғам қайраткері», «Құмжиек ауылының тарихы», «Ұстаздық – мәңгілік нұрдың қызметшісі», «Ғани аға, жалын еді жастығың» деген төрт бөлімнен тұрады. Бөлмеге кіргеннен қарсы қабырғадағы жерлесімді, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қазмұхаммед Кәрібайұлы Күлетовке арналған стенд бірден көз тартады. Саяси қуғын-сүргін жылдарында жазықсыз жабылған жаламен қанды қырғын құрбандары қатарында атылып, арманда кеткен есіл ердің өміріне арналған жәдігерлер рет-ретімен орналастырылыпты. Соның ішінде Қазмұхаммедтің қызы Райханның өз қолымен жазған естелігінен сол бір зобалаң жылдардағы елінің болашағы үшін өз өмірін сарп еткендерге қолдан жасалған қатыгездікті оқығанда жаңың түршігеді.

«Менің әкем Күлетов 1937 жылдың 2 шілдесі күнгі таң алдында Шымкент қаласында тұтқындалып, ертеніне, яғни 1937 жылдың 3 шілдесінде партия қатарынан шығарылып, 1937 жылдың 5 шілдесінде бірінші этаппен Алматы қаласына, НКВД-ның қарамағына жіберілген. Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті президиумының 1937 жылғы 14 шілдесінде №274 қаулысымен жұмысынан алынған. 1937 жылдың 1 шілдесінде тұтқындар алдында бір уақытта үйі мен жұмыс бөлмесінде тінту жүргізген. Тінтіген кезде ең арғысы балалардың ойыншықтарына дейін аударыстырып, ойран-топырын шығарыпты. Көмелетке толмаған кішкентай төрт баламды. Тінтіген кезде ештеңе табылмаған, әкеме байланысты жеке құжаттарын ғана алған.

Әкем қамауға алынғанда 7 жаста едім. Сол күнгі таң алдындағы бізді, төрт баласын сүйгені, оны таныс емес екі адамның алып кеткені өмір бойы есімде қалды. Қайда, неге алып кеткенін білмедім және бұл ең соңғы көруім екенін де түсінгенім жоқ. Кетіп бара жатқанда бар айтқаны: «Үш күнде, ең әрі асқанда бір аптада қайтып келемін, жазығым жоқ, партия бәрін тексереді» деді.

Күз келді, одан хабар-ошар жоқ. Қалада жаппай тұтқындау жүріп жатты. Бізді отбасымызбен тұрып жатқан Бекет батыр көшесіндегі №5 үйден қуып шығып, екі бөлмелі үйге орналастырды. Қазан айында шешем әкеммен көрісуге, жалы киім-кешек заттарын беру үшін Алматыға кеткен еді. Онда жауап алу жүріп жатыр деп көрсетпей, заттарын алып қалыпты. Осылайша шешем әкемді көре алмай Алматыдан қайтып келді.

Кейін білеміз, оларды бір адамдық камерада қамап ұстап, күні-түні ұрып-соғып, жауап алады екен ғой.

Әкеме «халық жауысың» деген кінә тағыпты. 1937 жылдың 10 қарашасында біздің үйдің жанына машина келіп, бейтаныс адамдар үйге кірді. Балалар аулада ойнап жүргенбіз. Тағы да тінту жүргізілті. Үйге келсек барлық заттың астан-кестенін шығарып, еденге үйіп қойған, итімдіз бен тауықтарымызды бөлмелерге қуалап, үйімізге құлып салды. Шешесі мен әйелін тұтқындап, абақтыға алып кетті. Күйеуі жайлы өзінің шешесінен білгісі келген әйелін құшағында емізді. Баласы болса да үйіне жібермейді. Әкеміз бен үлкен апам Гүлрайды көшеге қуып шығарып тастап, бізді, балаларды «Детский приемникте» ұстап, содан кейін «Камысбұлақ» балалар үйіне тапсырды. Осы кезде үлкен апам Мәскеудегі Жоғарғы Кеңеске екікабат шешемді тұтқындағаны жайлы жазып жіберген еді. Бірнеше күннен кейін Калининнің қолымен шешемді босатсын деген телеграмма келді.

Шешем автостанцияның қарама-қарсысындағы жауапты қызметкерлердің әйелдерімен бірге абақтыда отырды. Детприемник пен балалар үйінде халық жауларының балалары жиналған. Ондағы жағдай адам төзгісіз еді, тозығы жеткен ескі матрастарынан сасық иіс шығады. Лас үйде, үйімен тасып әкеліп, тек қара нан береді. Бізді балалар үйіне жүк таситын машинаға тиіеп әкелді.

Шешемді босатқан соң бірнеше күннен кейін үйімізге жіберді. Бірақ ол үйден де қуып шықты. Ескі қаладан өзбектердің құлағалы тұрған пәтерін жалдауға мәжбүр болдық. Өйткені, басқа үйге балаларың көп деп алмады әрі қымбат, пәтер ақысын төлей алмайтын болдық.



Тұтқыннан босағаннан кейін шешем жұмыс орнынан есеп айырысуына 35 сом алды, басқа еш жерден ақша алуға мүмкіндік болмады. НКВД-ның тергеушісі Диханбаевқа 8 ай бойы барып жүрді, ешқайда кетпеу жөнінде қолхат алған. Тіпті 1938 жылғы 23 наурызда қызы Флораны туғанда туу туралы куәлік алуға төлқұжатын да бермей қойды.

Әкеміз жайлы білгіміз келіп, қаншама ізденгенде, НКВД-дағылар ол 58-бөл бойынша он жылға сотталған, оның ешкіммен хабарласуға құқы жоқ дейді, қайда екенін айтпайды.

Мұнан әрі Райхан өз естелігінде «халық жауының» отбасы ретінде небір қиындықты, азапты күндерді бастан кешіргендерін жазыпты.

...Ленин атындағы мектепте оқитын ағасы мен апасын оқудан қуып жіберген. Ұлы Отан соғысы басталғанда Гүлрай медбикелік курсты бітіріп, өз еркімен майданға кетуге жазылса алмаған, әкесіне байланысты болу керек. Шешесі мен әжесі майданға ішкіім тіккен. Райханның өзі мектепке барып, оқуды бастаған, ол кезде «халық жауының» қызы екенін ешкім білмеген.

1943 жылы апасын педтехникумды бітірген соң Ленгер ауданының Кеңес-арық колхозына мұғалім болып жұмыс істеуге жібереді. Бұған дейін күнкөріс үшін үйдегі бар затты, тіпті аса құнды кітаптарын да сатып жібергендіктен, енді қалған тігін машинасын сатып, басқа қалған-құтқандарын жинастырған. Сөйтіп, колхозға жауу жеткен. Өйткені, олар өздерін ешкім білмейтін жакқа барғысы келген. Бірақ мұнда да ауылдық кеңестің төрағасы әкесін білетін болып шыққанда жаман қорыққан. Бұларға колхоз бөлген екі бөлмелі үйде жеті адам тұрыпты. Шешесі мемлекеттік салыққа жұмыртқа жинаушы болып жұмысқа орналасып, Райханның өзі он үш жаста екен, колхоз төрағасының баласын баққан, ағасы Еркін мен апасы әр жерде көл жұмыс істеген.

Колхоз бұлардың отбасына айына 30 килограмм ұн береді екен. Қыс бойы киім-кешек, жастықтарына дейін тамаққа ауыстырып, көктемге дейін ештеңесі қалмаған. Әжесі аштықтан өліп, шешесі төсектен тұра алмай, жатып қалған соң, апасы салықтан жинаған 100 жұмыртқамен қоректендіруге мәжбүр болған. Жазылғаннан кейін оны төлеуге ақшалары болмаған. Сол үшін шешесін абақтыға отырғызбақ болғанда апасы тағы да Жоғарғы Кеңеске жазып, онан Калининнің қолымен «жұмыртқаны шығынға есептен шығаруға, отбасына көмектесуге» деген телеграмма келген. Осыдан кейін колхоз бұлардың отбасына күніне 8 литрден сүт беріп тұрған. Осы көмектің арқасында, әйтеуір өлмей қалған.

Мұнан әрі колхозда қалуға қорқып, көктемде жаяу Ленгерге кеткен. Онда ағасы Еркін мен апасы ФЗО-да оқып, бар болғаны 14-15 жасында шахтаға жұмысқа орналасқан. Райхан киер киім болмағандықтан бір жыл оқи алмаған. 1944 жылы қалалық атқару комитеті көмектесіп, қап тігетін кеңеп мата беріп, сонан көйлек тіктіріп киіп, оқуға баруға мүмкіндік туған. 1946 жылы апасы Клара түнде шахтадағы жұмыстан қайтып келе жатқанда пойыздың астына түсіп, екі аяғынан айырылып, төрт жылдан соң, 23 жасында қайтыс болған. Ал үлкен апасы Гүлрай жарық жоқ болғандықтан түнде керосин шамды жағамын деп жүріп өртеніп өлген. Ол кезде 26 жаста екен. Райханның өзі мектеп бітіргеннен кейін институтқа түсіп, оқыған кезде шахтада жұмыс істеп жүрген ағасы Еркін көмектесіп тұрған.

Мұнан әрі Райхан Сталин қайтыс болып, Хрущев «халық жауларын» ақтау мәселесін көтерген кезді пайдаланып, 1957 жылы Алматы қаласындағы

НКВД-ға жазып, әкесін ақтатуға кіріседі. Әкесін 1945 жылдың 26 ақпанында жүрек талмасынан қайтыс болды деп хабарлайды. Бірақ Райхан оған сенбейді. Өзінше 1945 жылы болса әкемді соғысқа жіберіп, майданда өлген ғой деп ойлайды.

КСРО Коммунистік партиясының XX съезінен кейін архивке баруға жол ашылады. Әкесінің дерегін білу үшін бармаған, жазбаған жері қалмайды. Ақыры, 1958 жылдың 18 сәуірінде ССРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясынан әкең өлгеннен кейін ақталды деген анықтама жібереді. Мұнан әрі әкесінің атқарған қызметін зерттеумен

ЖАЛА



айналысады. Мәскеудегі Марксизм-Ленинизм негіздері институтынан, Қазалыдан, Шымкент облыстық кеңес атқару комитетінен архив құжаттарын, әкесінің өз қолымен жазылған өмірбаянын тауып алады.

Осылайша Қазмұхаммед Күлетовтің қызы Райхан әкесінің жоғары лауазымды жұмыста болып, халқына, еліне адал қызмет еткенін, «халық жауы» деген жазықсыз жабылған жаламен абақтыға қамалып, жантүршігерлік азапта қорлық көргенін, 1938 жылдың 26 ақпанында ату жазасына кесуге үкім шығып, бұл үкім сол күні орындалғанын, Қазақстан-ның 37 көрнекті саяси және қоғам қайраткерімен бірге атылғанын, ол тізімде әкесі Қ.Күлетовтің 20-шы болып тұрғанын анықтайды.

Мектептің музейінде өз қолымен жазылған бұл естелікті Райхан 2000 жылдың 7 ақпанында басқа да әкесі туралы құнды құжаттардың көшірмесін, бірнеше фотосуреттермен бірге тапсырған екен. Шымкент қаласында тұратын Райханмен бірге Қазмұхаммедтің қызы Флора, немересі Роллан келіп, мектеп ішіне қойылған әкесінің ескерткіш-бюстің көріп, оқушылармен кездесіп, естеліктерін тебірене, көзіне жас алып тұрып айтып беріпті.

1935 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының құрамында қазіргі Қызылорда, Жамбыл облыстары болған. Осы уақыттағы голошекиндік билік кезінде Қазмұхаммед Күлетов партия қызметіне ауысқан. Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, облыстық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары болған.

Голошекиннің зобаланыс, әсіресе шаруаларды тәркілеп, мал-мүлкін тартып алу, сөйтіп, өздерін жер аудару сияқты солақай саясатына қарсылық білдірген. Шаруаның жеке малын тартып алу халықты ашаршылыққа ұшыратудың бірден-бір жолы екенін талай рет жанындарда ашық жария еткен. Әрине, оның бұл әрекеті Голошекинге, оның шабармандарына, әсіресе, ОГПУ, НКВД органдарына ұнамады.

Қазмұхаммед Күлетов тұтқындалғанда әйелі Әсима 33 жаста, қыздары Гүлрай 14 жаста, Клара 9-да, Райхан 7-де, ұлы Еркін 12 жаста екен.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасының 3-бөлім бастығының орынбасары аға лейтенант Яковлев 1937 жылдың 29 маусымында жазған ақпарында «Қ.К.Күлетов «революцияға қарсы ұлтшыл ұйымның мүшесі» есебінде оның тапсырмасы бойынша контрреволюциялық жұмыс жүргізілгендіктен оны тұтқындап, РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-статьясының 10, 11-баптары бойынша жауапқа тарту қажет деп есептеймін» деп атап көрсеткен. Прокурор оған сол күні-ақ келісім берген. Оны Алматыдағы НКВД бастығына хабарлайды.

Екінші құжат – Күлетовті тұтқынға алу туралы қаулы. НКВД облыстық басқармасының бастығы, капитан С.Пин-талы оны 1 шілдеде бекітіпті. Мұндай шешім қабылдауға республикалық НКВД бастығы, 2 рангалы комиссар Залиннің телеграф арқылы берген өкімі негіз болған.

Қазмұхаммед Күлетовке РСФСР Қылмыстық Кодексінің атышулы 58-бабының 2,10 және 11-тармақтары бойынша «Совет үкіметіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді, Кеңес өкіметін құлату, Қазақстанды КСРО-дан бөліп әкету мақсатымен қоздаған жауыздық топтың мүшелерінің бірі» деген жала жабылады. Шымкенттік тергеушілер қаншама азаптап, тергегенімен істің ақ-қарасын аша алмайды. Бұл жазықсыз жазалау еді. «Халық жаулары С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, І.Жансүгіров, Н.Төрешқұловтың қуыршығысын» деп те азаптайды, бірақ одан ештеңе өнбейді.

Қамауға алынғаннан кейін Қ.Күле-

товтен екі-ақ рет хаттамалық жауап алынған. Қойылатын сұрақ: «Сіз ұлтшыл контрреволюциялық ұйымның мүшесісіз бе?» Мақсат – қайткенмен де оған осыны мойындату.

Қазмұхаммедке тағылған қаншама кінә, қылмыстық істердің ешқандай негізі жоқ, қолдан жасалған куәлердің сыртынан айтқандарын айғақ еткен. Олардың бәрі – Күлетовтің өзі сияқты жазықсыз айып тағылған тұтқындар. Бірақ, бұлардың бірде-біреуі Күлетовпен бетпе-бет кездестірілмеген.

Ақыры ол Алматы қаласындағы түрмеге ауыстырылады. Қылмыстық істі кейінірек Алматы облыстық НКВД басқармасы өз өндірісіне алып, тергейді. Бұл қылмыстық істі тергеу 1938 жылдың 26 ақпанына дейін созылады. Қ.Күлетовті неше түрлі азапқа салып, зорлық-зомбылық үстінде «қылмысын мойындаймын» дегізіп, жендеттер күнібұрын әзірлеген құжатқа қол қойғызады. Осының негізінде «Күлетов Қазмұхаммед Кәрібайұлы троцкистік топтың мүшесі, Кеңес өкіметін құлатқысы келген, Компартия басшыларының көзін жоюды мақсат еткен. Сол үшін ату керек» деген үкім шығарылған.

КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының 1938 жылғы көшпелі сессиясының үкімімен сол жылдың 26 ақпанында Алматы түрмесінде №11020 қылмыстық іс бойынша жазаланған 37 адамның бірі болып, Лияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Лияс Қабылов, Бейімбет Майлин, тағы басқа осындай жазықсыз абзал азаматтармен бірге өлім оғын қарсы алған.

Осылайша жерлесіміз жаппай қуғын-сүргін жылдарындағы жаламен қырық бір жасында өмірден өткен.

Арада 20 жыл өткеннен кейін, 1958 жылы 6 мамырда КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының анықтауы бойынша 1938 жылғы 26 ақпандағы Жоғарғы әскери соттың коллегиясының үкімі теріске шығарылып, ешбір қылмысы жоқ болғандықтан, толығымен ақталған.

Қазмұхаммед Күлетов 1897 жылы 6 қазанда Қазалы ауданының №1 Қарашенгел ауылында дүниеге келген. Сауатын ауылдағы молдалан ашқан. Әкесі Күлетұлы Кәрібайдың алға қойған мақсатымен Қазалы қаласындағы үш жылдық түземдік орыс мектебін ойдағыдай бітірген.

Ол 1918 жылы, 21 жасында большевиктер партиясының қатарына қабылданды. Сол жылы Қазалы уезі Арал қалалық өндірістік секциясында тіркеуші, кейін есепші болып жұмыс істеген. РКП(б) Қазалы комитетінің мұсылмандар секциясын басқарған. Осы жылдың тамыз айында Қызыл Армия қатарына шақырылып, Ембі теміржол бекетінде теміржол бойынша қауіпсіздігін қорғаған отрядта қатардағы жауынгер ретінде әскери борышын өтейді, кейін Арал қаласындағы жергілікті штабта қызмет атқарған. Осы кезде уездік партия конференциясына және уездік съезге делегат болып сайланған. Ал 1919-1920 жылдары Қазалы уездік қалалық партия комитетінің жетекшісі, Қазалы уезінің атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған. 1921-1923 жылдары Ташкентте, Түркістанда жауапты сайланбалы қызметтерде, ал 1923-1925 жылдары Түркістанның, Сырдария губкомының агитпром меңгерушісі, кейін Орта Азия мен Қазақстанның бөлінуіне байланысты Қырғыз (Қазақ) обкомы РКП(б)-ның бөлім меңгерушісі болып, Орынбор қаласында еңбек еткен. Ол 1927-1928 жылдары Мәскеу қаласындағы екі жылдық Жоғарғы құқықтану курсың бітірген соң, Орал, Петропавл қалаларында губерниялық прокуратурада губерниялық прокурор болған. 1930-1932 жылдары Қазақ АССР-нің бірінші Әділет халық комиссары, 1932-1934 жылдары Қазақ АССР Жоғарғы сотының төрағасы қызметтерін атқарған.


Қазмұхаммед Күлетов 1934-1935 жылдары Шымкент қаласында Оңтүстік Қазақстан облыстық тұтынушылар қоғамының төрағасы, тұтқынға алынғанға дейін 1936-1937 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметінде болған және Коммунистік партиясы облыстық комитетінің бюро мүшелігіне сайланған.

Бір деректерге сүйенсек, Қазалы қаласында электрстанция салдырып, тұрғындарға электр жарығын беруге бастамашы болып көмектескен. Оңтүстік Қазақстан облысында қызметте жүргенде ауылдық жерлерде, аумақта перзентхана, балабақша, кинотеатр, өкпе аурулары емханасын, «Қамысбұлақтан» балалар үйін, Шымкент, Қызылорда қалалары мен Түркістан, Қаратас, Шаян, Бостандық, Мерке аудандарында мектеп салуға қаржы бөліріп, құрылысына әді тікелей араласып, басы-қасында жүрген.

Қазалылықтар мемлекет және қоғам қайраткері Қазмұхаммед Кәрібайұлы Күлетовтің есімін әрдайым қастерлеп, бүгінгі ұрпаққа үлгі етіп келеді. Қ.Пірімов ауылындағы №92 қазак орта мектебіне есімі берілді. Кезінде бұрынғы Құмжиектің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан ауыл азаматы Сәулет Ықыласов, тағы басқа ағайын-туыстарының бастамасымен мектепке бюсті қойылды.

Шамша АЙТУҒАНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
Қазалы ауданының құрметті азаматы

Сыр бойы



ТАРИХ САБАҒЫ

Отызыншы жылдардағы ашаршылық сұмдығын Сталинге Тұрар Рысқұлов хат арқылы жеткізгені тарихтан мәлім. «Ұжымдастыру жылдарындағы халық шығыны 1930 жылғы аштықтан 313 мың адам, 1931 жылғы аштықтан 755 мың адам, 1932 жылғы аштықтан 769 мың адам өлді. Жиынтығы 1 млн 750 мың адам. Ауыл халқының 40 пайызы жоғалды. 1 миллионнан астам адам шетелге көшіп кетті. Оның 616 мың адамы қайтқан жоқ. 1929 жылы Қазақстандағы 40,5 миллион малдың 1933 жылы тек 4,5 миллионы ғана қалды» делінген хатта.

Бұл тек ресми дерек қана, ал із-түзсіз, іздеусіз, жер ауып, ел ауып бара жатып далада қалғандардың есебін кім түгендеп жүрді дейсің? 1893 жылы дүниеге келіп, 1904 жылы басталған Қазалы теміржол вокзалының құрылысы қалай жүргізілгенін көзімен көрген, 1916 жылғы патша жарлығымен бірінші дүниежүзілік соғыста оқоп қазу жұмысында болған, ашаршылық нәубетін басынан өткерген, екінші дүниежүзілік соғыста Украина жеріндегі қорғаныс жұмыстарына алынған, 1986 жылы тоқсан үш жасында өмірден өткен атам: «Құдай ұрпағымыздың ұрпағынан бетін аулақ етсін, жұт жеті ағайынды деген рас екен» деп отыратын ара-тұра отыз екінші ашаршылығы есіне түсіп естелік айтқанда. Аспаннан тамшы тамбай қалады, егін өнім бермейді, шөп шықпайды, аң-құс жоғалып кетеді, өзен-көл тартылады, тіпті судағы балық қашып кетеді екен.

Ал анамның айтуынша, ашаршылықта теңіз жасында ауқаттылау тұрған нағашы атамыздың бұрын бос қайтып көрмеген ау-құралына бір аптаға жуық ештеңе түспепті. Тек содан кейін ғана бірді-екілі шабақ іліне бастап, жалғанып кеткен көрінеді. «Өзен жағалағанның өзегі талмас, көл жағалағанның көні кеппес» деген де рас-ау.

Ішкені алдында, ішпегені артындағы ұрпаққа ол зұлматты ұқтыру тым қиындап бара жатқандай. Қазір қымбатшылық екені рас, жок-жұқалардың да жаппай емес, ішінара бар екені де рас, жұмыссыздықтың да белен алып тұрғаны шындық. Мұндай өтпелі кезең дамыған мемлекеттердің бәрінде де болған. Сол тығырықтан шығу жолын башысы да, қосшысы да, қарапайым халқы да бірлесе отырып тауып, қандай шеберлікпен шығып кеткенімен таныса отырып, «біз қай жерден қателік жібердік, нені ұқсата алмай отырмыз осы?» деп, қайран қаласың.

Бүгінде арланбай еңбек еткен жанның қолы қимылдаса, аузы қимылдайтыны да өтірік емес. Әке-аналарымыз, ата-әжелеріміздің басынан өткерген қасіреті бүгінгі ұрпаққа беріліп отырған мүмкіндікпен салыстыруға да келмейді. Ендеше, өткеннің өкініші мен бүгінгі күннің айналадағы аласапыранынан сабақ алып, қанағат қарын тойғазатынын естен шығармасақ, ұтыпасақ ұтылмасымыз анық.

Әлімжан ҚИЯС





Жолбасы

Ауылдан автобуска асы-ға мінген Әбдіманап аудан орталығына бет алған. Мак-саты – Жаңақорған ауданын басқаратын үлкен кісілермен жолығу. Мүмкін болса партия-ның аудандағы бірінші хатшысы Гафур Мұхамеджановтың өзі-не кірмек. Мектепті енді ғана тәмамдаған балаң жігіттің ау-дан басшысына айтатын ба-зынасы бар. Ол әкесінің үкімет алдындағы қарызын өзі өтей-тінін айтып, соған бірінші хат-шыдан рұқсат алмақшы. Не айтып, не қоярын күні бойы әбден ойланды. Әр сөзіне дейін нығарлап, нақты жеткізу үшін іштей дайындалып та алды. Со-дан автобустан түсе сала аудан басшылары отыратын кеңсеге жылдам жүріп келді.

– Сәлеметсіз бе, аудан бас-шысына жолығуым керек еді, – деді қабылдау бөліміне кірген бойдан.

– Ол кісі бос емес, – деді хатшы. – Оның үстіне алдында қанша адам бар. Босамауы да мүмкін.

– Қалай да кіріюп керек.

– Бос емес. Сөзге түсінбейтін қандай адамсыз өзіңіз?

– Адам тағдыры шешілетін мәселе. Кіргізбесеніз болмайды.

– Мұнда келгендердің бар-лығы неше түрлі мәселемен ке-леді. Жапғыз сен ғой деймісің?

Осы жолы есік аузындағы хатшының дауысы қаттырақ шығып кетсе керек, төргі кайи-неттен бір кісі шығып «не ай-қай?» деп, бұларға сұраулы жүзбен қарады. Сол-ақ екен «мына бала сізге жолығамын деп қоймай тұр» деді хатшы әл-гі кісінің алдында ақталғандай болып. Ол болса Әбдіманапты бастан-аяқ бір шолып шықты да «кір» деді баспен нұсқап.

– Аға, мен майдангердің ұлымын. Есімім – Әбдіманап. Әкем Балтақожа Отан соғысына қатысып, оқпен оттың ортасынан аман келген жауынгер. Бірақ сол соғыстан аман келген әкем бейбіт өмірде сотталайын деп жатыр.

– Не дейді тағы? Бүгегекте-мей мән-жайды ашып айтшы.

– Менің әкемнің аты – Бал-тақожа. Ол колхоздың жылқы завфермасы болып жұмыс іс-тейді. Үкіметке ет өткізу межесі таяғанда әлгі жылқыларды ұс-татпай, Қызылдың құмында қа-шып жүр. Ұстағанын ұстады, ұстай алмағанын ізім-қайым жоқ десек те болады. Әбден жаба-йылаынып кеттімі. Бой бермейді. Әкемді соттатпай, бүкіл қарызын менің мойныма жазыңыздар. Күндіз-түні жұмыс ітесем де өзім өтеймін.

Екеуара әңгіме осылай өр-біді. Жаңақорған ауданындағы партия комитетінің бірінші хат-шысы Гафур Мұхамеджанов әкесі үшін жанын беруге даяр тұрған ұлдың әрекетіне сүйсін-ді. Іштей «біздің ертеңіміз, міне, осылар ғой» деді жылы жымиып.

– Әкең сотталмайды, бәрі сен қалағандай болады. Аман бол, Әбдіманап, – деп арқасынан қа-ғып, шығарып салды.

Осы сәтте Әбдіманаптың үстінен үлкен бір жүк түскендей еді. Өзі де бағаналы бері мән бермепті. Аудан басшысы жүзі жылы, дегдарлығы көзінен кө-рініп тұратын, әр сөзінен адами қасиеті аңғарылатын кісі екен. Осыдан бастап Әбдіманаптың үлкен өмірге қадам басқан соқ-пақты жолы басталды. Бұл ке-нестік кезеңде адал еңбегімен талайға үлгі болған, мағыналы ғұмыры жас ұрпаққа өнеге ету-ге тұрарлық, Сыр өңірінің ай-бынды азаматы Әбдіманап Шайхназаров еді.

Трактор руііндегі өмір

Әбдіманап Шайхназаров Гафур Мұхамеджановпен кез-дескеннен кейін алты айлық механизаторлар курсын тәмам-дап, трактор тізгіндеуге кірісті. Иығаның бір жағында әке қар-ызы тұрса, бір жағында әлі же-тіле қоймаған іні-қарындастары тұр. «Ер жігіттің мойнындағы қыл арқан шірімейді» деген рас екен. Трактор тізгіндеген күннен бастап тыным таппай еңбектенді. Күн демей, түн демей, алдымен

әке қарызын өтеуді мақсат ет-ті. Қанша қиындық көрсе де қайтпады, шегінбеді. Табаннан сыз, маңдайдан күн өтсе де мұ-қалмады. Ақыры, көздеген мақ-сатына жетіп, еткен еңбегін қазынаға құйып, әке қарызын өтеді. Содан бастап еңбек еткен-нің еңсесі тік болатынын сана-сына бекем тоқыды.

Өзінің даму жолында біресе Бірлік, біресе Талап кеңшарының қарамағында болған «Октябрь» шаруашылығы 1968 жылдан бастап 23-партсъезд деген атау-мен өз алдына бөлек ірге қалады. 23-партсъезді Нұрхан Дайыр-ханов деген кісі басқарды. Іргелі ауылдан бөлініп, өз алдына ең-се тіктеу оңай болған жоқ. Ал-да инженерлік жүйеге келті-рілмеген жерді игеру мақсаты тұрды.

Бұл жайында аудандық «Жа-нақорған тынысы» газетінің бас редакторы Баян Үсейінованың аталған басшылыма 2021 жыл-дың 24 сәуірінде жарияланған «Тұғыр төрі – туған жері» атты мақаласында кеңірек баяндалған. Баян Алаудинқызы: «Тұсыраған құла дүзге арық қазып, су арна-сын салып, күріш егу жоспар-ланды. Бұл жылда 1000 гектар жер айдалып, дән себілді. Бұл көзсіз ерліктің көрінісі еді. Тыр-ма тісін көрмеген мидай еністе егін жинауға шығып, қара бат-паққа мылдыққан комбайнды жүз мертілік тросспен тартып шы-ғарып жан азапқа түскен тау-қыметті күндер техниканың өзін қажытып, қалжыратып тастаса да тәуекелге тастай түйінген дала ерлерінің темірдей төзіміне сына қақ алмапты. Алған беттерінен қайтпай ел ырыздығын еселей беріпті. Осы жылдары егін да-ласында астық бастыруда ерен еңбек үлгісін көрсеткен Әбдіма-нап алғашында жатқист, одан әрі бульдозерист болып тер төкті. Комбайн айдады» деп жазған.

Талай жұрт тәтті болған қажыр-қайрат

Әбдіманап Балтақожаұлы 1968 жылғы егін жинау наука-нында аудан чемпионы болып, ауыл мерейін еселей түскен. Те-гінде мақтау мен мадаққа, ма-рапатқа тоқмейілісмеген адам ғана ауыр жұмысты әрі қарай жалғастырады. Кейіпкеріміз 1973 жылы социалистік жарыс-тың қорытындысымен облыс чемпионы болып, аудан абыро-йын аспандатты. Сол кезде сов-хоз директоры болған Нәлібай Айдарбековтің өзі Әбекеннің қажырлы еңбегіне тәңті болған. Мұны Социалистік Еңбек Ері Арапбек Әбиевтің өзі айтқан.

– Әбдіманап өте қайратты жігіт еді. Біз бірге жұмыс іс-тедік. Жарықтық мінезге де бай еді ғой. Марқұм шаршау де-генді білмейтін. Тапсырылған жұмысты соңына жеткізгенше тынбайтын. Тіпті артығымен орындайтын. Керек десеңіз, түн-нің өзінде жұмысын тоқтатпай тер төккенін талай көрдім. Е-е-е, Әбекен деген Қожакенттің құ-ты еді ғой, – деген екен бір кез-дері Еңбек Ерінің өзі ағынан жарылып.

Көпбалалы отбасының тірегі бола жүріп, совхоз ісін дөңге-лентіп, тынымсыз еңбек еткен ол ешқашан атақ не марапат сұ-ранған жан емес. Оның өмірлік ұстанымы – еңбек ету, адал болу, ұрпаққа өнеге қалдыру.

– Бұл кісінің қарапайым бол-са да терең тағылымы бар өмірі туралы бір ғана мысал – оның алты жыл бойы еңбек демалы-сына шықтауы. Осыны естіген ауданның бірінші хатшысы ең-бегін ескеріп, марапатқа ұсынса, совхоз бухгалтері: «Оның деме-лысқа жиналған қаржысы бір автокөліктің құнынан да асып кетеді» деп таңданысын жасыр-маған. Бұл – жай ғана дерек емес, бұл – еңбекке адалдықтың, жауапкершіліктің, қарапайым батырлықтың шынайы көрінісі, – дейді еңбек ардагері Асан На-қышбанов.

Әбдіманап Балтақожаұлы Зұлфия есімді арумен бас ко-сыл, ұрпақ өрбітті. Ұлды ұңға, қызды қияға қондырды. Еңбекке ерте араласқан Әбекен күріш егуден де озат атанған. Ол бы-лай болған, жетпіс алтыншы

жылдардан бастап он жыл бойы ПМК мекемесі егістік жерлерді тегістеп, инженерлік жүйеге келтірген. Соның арқасында егіс көлемі де артқан, жұмыс өнімділігі де еселеп өскен. Ке-йіпкеріміз осы жылдары әр гектардан 55 центнерден өнім келтіріп, озат күрішші болған. Еткен еңбек текке кетпеді. «Құр-мет белгісі» және «Еңбек Қызыл Ту» орденімен нағрадталды. «Еңбек ардагері», «Лениннің 100 жылдығы» медалін кеудесіне тақты. Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының грамотасымен марапатталды. «Бесжылдықтың озаты» белгісін иеленді.

Еңбекпен шыңдалған азамат

1986 жылы ауданға күріш оратын жаңа техника әкелінген екен. Содан аудан басшылары бар, жауапты мамандар бар, барлығы ақылдаса келе жана ЖРК (күріш оратын жатқа) тех-никасының іске қосылуын Әбді-манап ағаға тапсырыпты.

– Бұл – сенімнің белгісі еді. Жаналықты игеруге шындап кіріскен ол жатқаны құрасты-рып, тиімді жұмыс істеу жолдар-ын қарастырып жүрген сәтте, қатардағы жатқистер 150-200 гектарға дейін күріш орып, алға озады. Тіпті жоспарын орын-дап қойғандар да болады. Бірақ өзінің еңбегіне асқан жауап-кершіліктен қарайтын Әбдіма-нап Балтақожаұлы совхоз ди-ректорына барып, жаналықты енгіземін деп жүргенде өзіне жүктелген жоспардың артта қал-ып қойғанын ашық айтпайды. Бірақ бұл уақытта ғана. Жаңа жатқаны толық іске қосқан ол, 350 гектар күріш алқабын орып, жоспарды артығымен орын-дап, «Озат жатқист» атағына ие болады. Бұл – жай ғана техни-каны басқару емес, бұл – жаңа істі игеріп, нәтиже шығара білудің, қажырлы еңбектің көрінісі еді, – дейді Асан Нақышбанов ағамыз.

Әр ісі көпке үлгі

1986 жылы 24-партсъездің агрономы Асан Нақышбанов ауданның бірінші хатшысы Ах-метжан Жанпейісовке өтініш айтып, Әбдіманап ағамызды кө-мекке жіберуді сұраған екен. Мақсат – күріш ору. Күріш болғанда да жұрт оруға келмейді деген, жерге жатып қалған «Ку-бань-3» сорты. Кейіпкеріміз бұл іске де білек сыбана кіріседі. Жаңа жатқаның тиімділігін көр-сетіп, мол өнім алуға сеп болады. Көзкөргендер «Кубань-3»-ті ору кезінде еш қиналмаған да дейді. Жұрт бата алмаған іске білек сыбана кіріскен әрі нәтижесін көрсеткен еңбеккерді көрген ауыл ақсакалы, белгілі күрішші Әбдібек Әбішов ақсақал: «Әне, көрдіңдер ме, сендер оруға кел-мейді деп едіңдер. Әбдіманап жерді бір қабатымен қоса копа-рып, күрішмді орып берді» деп ақ батасын берген екен.

Қарапайымдылық – үлкен кісіліктің белгісі

Адал еңбегімен танылған, көпбалалы отбасының тірегі болған Әбдіманап Балтақожа-ұлына совхоз басшылығы тегін үй салып беруге шешім қабыл-дады. Алайда құрылысшылар келгенде: «Үйді өз қолыммен, өз еңбегімен саламын» деп қай-тарып жіберген екен.

Мұндай қарапайымдылық пен намыс – бүгінгі таңда сирек кездесетін асыл қасиеттің бірі. Бұл – рухтың тазалығының, ең-бектің қадірін білудің белгісі.

Әбдіманап Балтақожаұлы Шайхназаров – Жаңақорған өңі-рінде тынымсыз тіршілігімен ел есінде қалған еңбек адамы. Оның өмірі бір сәт тыным тап-паған, маңдай термен, адал бей-нетпен өткен нағыз еңбек жолы. Ешқашан да атақ не марапат үшін емес, ел мен жерге деген сүйіспеншілігімен, отбасы ал-дындағы жауапкершілігімен ең-бек еткен жан. Ол кісінің өнегелі еңбек жолы мен тәлімді ғұмыры талай жасқа бағдар болары анық.

Әзіз ЖҰМАДИЛАУЫ



Алғашқы желі. Мақсат – білім алу. Ол өткен күндерді оймен шолса біруақ үнсіз қалды да сөзін жалғады. «Біздер бала-лығын соғыс ұрпаған ұрпақпыз. Әкем палуан болған екен, аш-тық жылдары Өзбекстан жақта 2-3 жыл тұрып, кейін елге қай-та оралып, колхозға кіреді. Бі-рақ қатты науқастанып, мен екі жарым жасқа келгенде өмірден озады, қарындасым сол кез-де анамның құсағында қалады да, әкем қайтқасын үш айдан соң өмірге келеді, сөйтіп біз әке алақанының жылуын көрмей өстік. Шешем колхоз жұмысын-да. Он жастан бастап колхоз жұ-мысына араластым. Каникул, демалыс күндері міндетті түрде жұмыс басында боламыз. Ол кезде трактор деген өте аз, өгізбен жер жыртамыз, мен соқаның тұтқасын ұстаймын. Мекебай деген ағамыз өгізді жетелейді. Қырғи деген жерде табандыққа тары септік. Соқа-ны бар күшпен басамын, егер жер тайыз жыртылса таяқ жей-сің. Сондықтан бар күшіңді сіла қимылдайсың. Бәрінен де бір бет-ті жыртып көтеріп, бері қайтар кез қиын, соқаны көтеріп, кері салу оңай шаруа емес еді. Сондайда іштей өзімді қайрап, «Қалайда аштық, білімді маман болуым ке-рек» деп ойлайтынмын».

Иә, ол еңбекпен есейді. Бүкіл ер азамат соғысқа кеткен, жұ-мыста карттар мен әйелдер, жа-сыннан асқан балалар. Бес жылға созылған бірде тоқ, бірде аш күндер. Барлық табыс майданға жөнелтілуде. Өлмеу үшін тамақ табу керек қой, бұлар ұрланып барып масақ тереді. «Бәрібір қар астында қалатын масақ қой, соны да бригадирлер тергізбейтін. Мас-сақ теремін деп сотталғандар да болды. Ой, несің сұрайсың, небір күндер өтті ғой. Бірде масақ те-ріп жүргенімді көріп қалған бри-гадир аттың бауырына алып сабасын. Қашамын, аздан соң құлап түсемін. Атты адам құтқа-ра ма, аяушылық жоқ, қамшымен осып-осып кетеді. Сөйтіп бір құлағанымда атынан түсе салып, бидай салған қалтамды тартып алды. Сөйтіп алдына салып айдап келіп, әлгі бидайды таразыға тартып еді 150 грамм болды. 200 грамм болғанда жауапқа тарта-тын еді. Одан аман қалдым, бі-рақ, азырын айтсайшы» деп бір күрсінді ақсақал.

1935 жылы Жалағаш ауданы-ның Белсенді колхозында (қазір-гі М.Шәменов ауылы) өмірге келген Оспан Жанұзақов 1947 жылы шешесі қайтыс болып, қар-ындысы екеуі ғана қалады да, Қаракеткенге көшеді. Ол кезде колхоздан көшу, шығу дегенге жергілікті билік қатан қараса керек, түнде жасырына көшеді. Ата-әжесінің қолына келген қар-ындысы екеуі оқуларын осын-дағы мектепте жалғастырды. «Ол кезде мұнда балық колхозы орталығы, МТС, нефтебаза, за-готзерно және т.б. мекемелер бар, үлкен станса. Осындағы жетіжылдықты бітіргесін Шәм-ші деген жиеншар екеуім Қызылордаға барып, ауыл шаруашылығы техникумының полеводческий (агрономия) бөлі-месіне оқуға түстік. Бірақ стипен-диясы өте мардымсыз, оған күн көре алмайтын болғасын елге қайтып, оқуды Жалағашта жал-ғастырдым. 1954 жылы мектепті 45 бала бітіріп, барлығымыз бір оқуда оқимыз деп уәдесесіп,

Алматыдағы зооветинститутқа құжат тапсырдық. Сұмдық кон-курс болды, оны жасап отырған өзіміз, қырық бесіміз бір ма-мандыққа тапсырып тұрмыз ғой. Балалық дейсің бе, әлде ар-маншыл болдық па. Содан ме-нің балым жетпей түсе алмай Талғардағы ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түстім, бірақ оқуға бірге барған інім түсе ал-мағасын құжаттарымды алып, оқ шығаратын әскери зауытқа жұмысқа тұрдым. Екі-үш айдан соң әскерге шақырылдым. Оку, мамандық алу – арман боп қала берді.

Екінші желі. Ажалсыз пен-де өлмейді. Саратов манында-ғы әскери бөлімге түскен оны алты айдан соң Севастополь-дегі №550 әскери бөлім жа-нындағы химиялық оқу орнына жібереді. Химиялық қарумен жұмыс істейтін және оны залал-сыздандыру маманы болып шыққан ол әскери қызметті жалғастыра берді. Ол кезде құр-лықтағы әскерде болу мерзімі 3 жыл, теніздегілер үшін 5 жыл. Соғыстан кейінгі кез ғой, жа-һандық қырғында көп адам опат болды, сондықтан бұл түсінікті жайт еді. Ол қызметіне өте мұ-қият болып, борышын адал ат-қарды. Бір рет өлім аузынан аман қалды. «Ұлы зат бізге ба-лонмен келеді, ондағы қысым 10 атмосфера болады. Соны пай-даланамыз. Уландырғыш зат-пен оқу-жаттығу жұмысы біт-кесін, балондағы ұлы зат толық шығарылады, сонан соң оны технохлормен тазалау керек. Та-залау жұмысында тұрғанмын, біреулер балонды толық пай-даланбай жіберіпті, мен оның үстіне технохлорды құйған кезде балон 800 келілік ғұғас бомбасы күшмен атылды. Мені он бес-жырма метрдей жерге лақтырып жіберіпті. Есімді санчақта жи-надым. Дәрігер маған «Ұзақ өмір жасамайсың, қиналып өле-сің» деді. Комиссават етті. Елге оралдым. Ажалсыз пенде өлмей-ді екен. Аллаға шүкір, әлгі дә-рігер Құдайдың құдіретін, біздің елдің суы мен ауасының күшін есепке алмады-ау» деп қоямын қазір іштей» – дейді ақсақал жы-мия күліп. Иә, елге оралған ол қайтадан еңбекке араласты.

Үшінші желі. Су – тіршілік көзі. Осы бір тәмсіл оған сонау балалық шақтан өмір бағдары ретінде қалыптасқан болатын. Еңбек ете жүріп мамандық алу-ды арман етті, оқуға аттанды. 1960 жылы гидротехникумды бітіріп, елге су техникі болып оралды. «Мен 15 наурызда елге келген бойда жұмысқа кірісіп кеттім, Дауылбай деген жерді су алайын деп тұр екен. Жағдай өте қиын, жайылған су шетіне көз жетпейді. Күн-түні екі су өткізгіштің басында болып, су өтуін бақылауда ұстадым. Ол кезде қазіргідей техника жоқ, кей кезде белге арқан байлап алып, су астына сүңгіп өткіз-гішті ағып келген шөп, тал жә-не тағы басқалардан тазалап тұ-руға мәжбүр болдым. Жас кез ғой, көктемнің суығын да еңе қылмайсың, сөйтіп Жалағашты топан судан аман алып қалдық. Судың беті қайтқанда ғана шар-шағанымды сездім. Содан соң ауданнан тапсырма келіп, ва-гонмен Қаракеткенге келдім. Шәменов ауылымен екі орта телегей теңіз сынды, енді бол-маса екі ауылды да басып қалу

жағдайында екен. Бірнеше жұ-мысшылар бар мұнда да күні-түні жұмыс істеуге тура келді, судың молдығы сондай сол кездегі ең үлкен тракторлардың бірі – «С-100» тракторының ішінде аяқты көтеріп отырамыз. Трактордың күштілігі ғой, суды бел ортасына дейін кешіп жүре беретін. Мұндағы жұмыстарды 15-сәуірде аяқтадық. Оқуды бі-тіре салысымен осындай қиын кезге тап болғанмен міндетті абыроймен атқарып шыққаныма қуандым» деді Оспан ақсақал ой тізбегін тарқата.

Сол жылғы топан судың молдығы сондай Шәменов ауы-лында су үйлердің есігі биікті-гінен асып кеткен болатын. Ел жанталаса жұмылды. Көктемнің кезі, жералы босамаған, сондықтан жарылыс жасап барып, топырақ алып жатқан бұлардың төбесіне бірде бір тікшақтың келе қал-ғаны. Суды көруге шыққан об-лыс басшылары болса керек, сірә, Оспанның зәресі ұшты. Дәл жарылыс үстіне әлгілер тап болса, аман қалмасы анық. Алла сәтін салып, олар сол жарылыс жасаған жерге үш минуттан соң келді. Бұлар «уһ» деп демдерін бір-ақ алды. Сол жылы ол Шы-нарға үйленді. Содан кейінгі бұ-кіл өмірі су саласында болды. Жоғары оқу орнын сырттай оқып бітірді. Қармақшы, Жалағаш ау-дандарында су шаруашылығы бөлімінің бастығы болып, Қы-зылқұм, Қаракұмдағы мал жайы-лымдарын суландыру жұмысына басшылық жасады. Небір қиын күндер де, қуанышты сәттер де бастан өтті.

Шынар екеуі бала-шағалы болды, немере сұйы, шөбере көрді. Үлкені Ғалия – қазір зей-неткер, Жалағаш ауданы ден-саулық саласы мен құрылыс мекемелерінде экономист болып еңбек етті, Қайраты – корруп-цияға қарсы күрес қызметінде, полковник, Ерболы – тотенше жағдайлар қызметінен зейнетке шықты, полковник, Гауһары – облсоста бас маман, Жадырасы – аудандық статистика бөлімінде бас маман, әрқайсысы өз алд-арына бір-бір әулет болып отыр. Токсанға келген ақсақал адал еңбектарқасында елмен үкіметтің, партия, кеңес органдарының, Су шаруашылығы министрлігінің мақтау грамоталары бар, медаль-дары бар талай марапаттарына ие болды.

Ойтуйын. Сонау балалық шақ-та анасы көп айтатын «Ие, Алла! Асымды адалдан бере гөр! Ұл-қызымды адал еңбек етуге жаза гөр!» деген сөз әлі де құлағынан көтер емес. Содан болар, қай кезде де ол адалдықтың ақ туын биік ұстады. Балаларын да сол адал еңбек арнасында тәрбиеледі. Бүгінде еңбегінің зейнетін көріп 90-шы жазын қарсы алған Оспан ақсақал еңбек пен адалдықтың тау тұлғасы іспеттес, елге қадірлі батағой қария. Оның өмір жолы әлі талай шығармаларға арқау болар, бұл шығарм мақалада біз тек оның өмір жолындағы кей тұстарға ғана назар аудардық, сол арқылы адал еңбектің адамдық, азаматтық шыңына шығарарын жеткізбек болдық.

Аллажар ӘБІЛОВ, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Халықаралық академиясының академигі, филология ғылымдарының кандидаты

ЖОБА	
Қызылорда облысы бойынша ауылдық елді мекендердегі аса тапшы медициналық мамандықтарды айқындау туралы	
«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағының (4-8) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:	
1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы бойынша ауылдық елді мекендердегі аса тапшы медициналық мамандықтар айқындалсын.	
2. Осы қаулының орындалуын бақылау же-	
текшілік ететін Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.	
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.	
Қызылорда облысының әкімі	Н.Нәлібаев
Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы «__» № _____ қаулысына қосымша	
Қызылорда облысы бойынша ауылдық елді мекендердегі аса тапшы медициналық мамандықтар	
№	Атауы
1	Невропатолог (ересектер, балалар)
2	Гематолог (ересектер, балалар)
3	Ревматолог (ересектер, балалар)
4	Балалар хирургі (ересектер, балалар)
5	Офтальмолог (ересектер, балалар)
6	Инфекционист (ересектер, балалар)
7	Кардиолог (ересектер, балалар)
8	Нейрохирург (ересектер, балалар)
9	Травматолог (ересектер, балалар)

/// ҚЫЗЫЛОРДА: БІР ҒАСЫР БҰРЫН

ҒАСЫР СӨЙЛЕЙДІ



Қызылорда қаласының Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының алғашқы астанасы болғанының 100 жылдығына орай өңірде мәдени іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылуда. Кеше А. Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде «Ғасыр сөйлейді» атты тарихи-танымдық кеш өтті. Оған зиялы қауым өкілдері, түрлі сала мамандары, ардагерлер мен жастар қатысты.

Кеш қалалық «Жастар театрының» артистері сахналаған қойылыммен басталды.

Алғашқы сөзді қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құтықжаев алып, үш дәуірдің астанасы атанған қала тарихына кеңінен тоқталды. Сондай-ақ биыл қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, «Байқоңыр» ғарыш айлағының ашылғанына 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жыл-

дығы да кең көлемде аталып өтуде. Бұл мерейлі даталардың ұлт тарихында алар өзіндік орны мен маңызы зор. Сыр елі мәдениет пен өнердің ғана емес, ел экономикасының даму тарихында елеулі орын алады. Келер жылы Ұлттық құрылтайдың Сыр елінде өтуі де үлкен мәртебе екенін жеткізді.

Мемлекет және қоғам қайраткері Айтбай Көшербаев қала дамуындағы оң өзгерістерге тоқталса, белгілі режис-

сер-сценарист, «Тұран» сыйлығының иегері, қалалық «Жастар театрының» көркемдік жетекшісі Онталап Нұрмаханов Қызылорда тек астана ғана емес, елдің рухани ордасы, кәсіби ұлт театрының негізі осында қаланғанын тілге тиек етті. Ал белгілі ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты, Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Нұрлыбек Мыңжас шаһар тарихынан сыр шертетін тың деректерді бөліссе, облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығының директоры Ерғазы Алданазаров көне ғимараттардың тарихына тоқталды.

Шара барысында ел дамуы жолында елеулі еңбек еткен азаматтарға арнайы сый-құрмет көрсетілді.

Тарихи-танымдық кеште Махмұтбай Әміреевтің сөзіне жазылған Тәңірберген Қалауовтың әні «Қызылорда вальсі», Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде», Рамазан Таймановтың «Қызылорда» әндері шырылды. Жастар поэзиялық туындыларды нақышына келтіре орындады.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

ОҚИТЫН
НӘРСЕ –
ертегі

Айым Әбенова жетпісінше баланың Г. Оттисова

Кеше бір таныс жігіт телефон соқты.

Ұлы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясында оқиды екен. Жай ғана шопыр болып жұмыс істейтін ол ұлының болашағын ойлап, менен кеңес сұрайды.

– Біреу айтты актер болатын бала кітап оқу керек деп, қандай кеңес айтасың, не кітап оқысын? – дейді.

– Ұлын қандай шығарма оқитынын білмей жүр ме? – дедім оның бұл сұрағына сүйсініп.

– Жоқ, мүлде оқымайды.

– Ал сен өзін ше, оқысын ба? – деп қарсы сұрақ қойдым. Сүйтсем ол да қолына кітап ұстап көрмеген екен.

– Оқуға уақыт қайда? – деп ақталады. Иә ол да рас қой. Алайда...

– Егер өзін оқымасаң, балаға қалай оқы дейсің? Мың жерден оқы дегеніңмен оның миына сенің ақылың кірмейді. Ал өзін қолына бір мезгіл кітап алсаң, ол да соған үйір болады, – дедім, не дер екен деп.

– Ал айтшы не оқиян? Бірақ оңайлауын айт, – деді сәлден соң.

– Ертегі оқы. Он томдық қазақ ертегілері бар.

Ол күліп жіберді. Оның күлкісінен, көңілі толмай қалғандықты байқадым. Көңілі толмай қалғандық та емес, ертегіні жеңіл-желпі нәрсе санайтынын аңғардым. Ертегіні өтірік деп те ойлайтын болса керек. Шынында біздің арамызда «Өтірік айтпашы» дегенді «Ертегі айтпашы» дейтіндер кездеседі. Осылай дейтіндерге мен қатты таңғалам. Ойланбай айтса да, сан ғасырлық сүзгіден өтіп, еленіп-екшеліп бізге жеткен ата-бабаларымыздың осы асыл мұрасына ондырмай соққы беріп тұрғанын, тіпті өз санасын да ондырмай тұрғанын сезе алмайтыны өкінішті. Ойланбай айтылған осындай сөздер біздің кейбіреуіміздің түп-санамызда қордаланып, басқаша сипат алып кеткен.

Ертегі туралы біраз ойларымды айтқаннан кейін ол қызып кетіп, «әкем айтатын еді» деп біраз ертегінің сілемін еске түсірді. Жалғасын айтып беріп едім, қатты қызқанды. Енді ол «он томдық ертегілер жи-

нағын қайдан алам» дегенге көшті. Қанша тұратынын сұрады.

– Көп болса әр томы екі мың теңге болар, – дедім.

– Арзан ғой, – деп ол қуанып кетті.

– Ал сен қанша тұрады деп ойлап едің?

– Мен әр томы 5 мың, сонда 10 кітабы 50 мың теңге тұратын шығар деп ойлап едім, – деді.

– 50 мың болса алар ма едің?

– Алар едім. Өзің ойлашы, қазір Мегадағы (сауда-көңіл көтеру орталығы) боевик киноға кіру 2000-2500 теңге. Арзаны – 1000. Ал кітап үйде тұрады. Кейін немерелерім де оқиды, – деп дәлелдей бастады.

– Өне, өзін біліп тұрсың.

– Соны ойламаймыз ғой, – деп күледі ол. Иә, шынында бәрін білетін біздің бол-

машы нәрсеге миымыз жетпей жататыны бар. Миымыз әбден масыл болып қалған. Оны қозғалысқа келтірмесен ойлаудан қаласың.

– Сосын не оқысын, – деді ынтығып. – Гарри Поттерді оқысын ба?

– Гарри құрысын, қазақтың батырлар жырын оқысын. Қазір министрлік қазақтың барлық батырын кино қылып түсіруді ойластырып жатыр. Сол кезде актерлікті бітірген ұлын батырлар туралы бәрін біліп, дайын тұруы керек. Батыр болып ойнаған актерге миллион доллар төлейді, – дедім.

– Шын ба?

– Енді ше!

– Батырлар жырын қайдан алам? Соны айт!

– Кітапты қайдан алатын еді, кітап дүкенінен алады.

– Кітап дүкені қай жерде?

Айттым.

– Болды, – деді баға жетпес қазынаға тап болғандай мәз болып. – Енді ұл оқымай көрсін!

...Иә, шынында да оқитын нәрсе – ертегі мен батырлар жыры ғой. Өзім де қайталап оқығым кеп кеткені.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ,
жазушы, «Таң-Шолпан»
әдеби-көркем, көпшілік
журналының бас редакторы

/// 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

АЗАТТЫҚҚА ҰМТЫЛҒАН
АРЫСТАР

Облыстық кітапханада 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай «Азаттыққа ұмтылған арыстар» атты тарихи-танымдық кеш ұйымдастырылды.

Шараға А. Байтұрсынов атындағы №211 орта мектебі тарих пәнінің мұғалімі Жанаргүл Байғараева, Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейінің мұғалімі Айсұлтан Ибраев және

студент-жастар қатысты.

Қонақтар қуғын-сүргін көрген ұлт зиялылары және ашаршылық құрбандары жайлы тарихи мәліметтер айта келіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт То-

қаевтың үндеуіне орай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін құрылған комиссия жұмысына да тоқталды.

Сонында «Нәубет жылдар – халық қасіреті» тақырыбында ұйымдастырылған кітап көрмесі таныстырылды.

«СБ» ақпарат

ТАУАРЛАРДЫ ҚАУІПСІЗДІК
ҚҰЖАТТАРЫНСЫЗ
САТУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Кеден одағының «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті талаптарына сәйкес сауда айналымындағы барлық өнімдердің қауіпсіздігін растайтын және осы өнімдер айналысының қадағалануын қамтамасыз ететін тауарлық ілеспе құжаттарының болуы міндетті.

Алайда бүгінгі күні бірқатар кәсіпкер тарапынан аталған талапты бұзу фактілері орын алуда. Атап айтқанда, осы жылдың сәуір айында Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінен тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарсыз саудаланып жатқандығы туралы қызметтік хаттар түсті. Соның негізінде ҚР ӨҚБТК 802-бабын басшылыққа ала отырып, 3 жеке кәсіпкерлік субъектісіне ҚР ӨҚБТК-нің 203-бабымен қысқартылған тәртіпте хаттама толтырылып, 45 АЕК мөлшерінде айыппұл салынып, өндірілді. Бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты жүргізіледі.

Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті дара кәсіпкерлердің және сауда қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың тауарды шығарушы ел туралы, дайындаушы, беруші немесе сатушы туралы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәліметтер не тауар (көрсетілетін қызмет) туралы анық және

жеткілікті ақпаратты қамтитын құжаттарсыз сату фактісі анықталған жағдайда ҚР ӨҚБТК-нің 203-бабы бойынша «Тауарларды құжаттарсыз сату» әрекетіне қатысты әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығын еске салады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес тауарларды құжатсыз сату фактілері орын алған жағдайда шағын кәсіпкерлікке – 45 АЕК, орта кәсіпкерлікке – 70 АЕК, ірі кәсіпкерлікке – 150 АЕК айыппұл көзделген. Аталған құқықбұзушылық бір жыл ішінде қайталанған жағдайда айыппұл көлемі екі есеге дейін өседі.

Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті кәсіпкерлерді өнім айналымында заң талаптарын қатаң сақтауға шақырады және тұтынушыларға сатуға алатын тауардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарының болуына аса назар аудару қажеттігін еске салады.

Гүлмира СЫЗДЫҚОВА,
Қызылорда облысының
СЭБД басшысы

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
QAZ-STAY 2025

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ! САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!
СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО – БОГАТСТВО СТРАНЫ! ВНЕСИ ВКЛАД, УЧАСТВУЙ В ПЕРСПЕКТИВЕ!

1-31 тамыз аралығында онлайн режимде
20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында интервьюерлердің сауалнамасына қатысу арқылы

Санаққа жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар үй шаруашылықтарының иелері мен ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер қатыса алады.

Сауалнамаға sanaq.gov.kz арқылы немесе үй шаруашылықтарына баратын интервьюер сұрақтарына жауап беру арқылы қатысуға болады

1-31 августа - в онлайн режиме
с 20 сентября по 20 октября - опрос интервьюерами

Приглашаем сельхозпроизводителей и глав домашних хозяйств с земельными участками для ведения личного подсобного хозяйства принять участие в сельскохозяйлении.

Пройдите опрос на sanaq.gov.kz или ответьте на вопросы интервьюера при его визите

1446
www.sanaq.gov.kz

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы облыстық «Сыр бойы» газетінің ардагері, белгілі қаламгер, «Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері» құрметті атағының иегері, Қызылорда облысының «Құрметті ардагері», Арал ауданының құрметті азаматы Шәкірат Дәрмағамбетовке жұбайы

Маржанкүл Орынбасарқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
QAZ-STAY 2025

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ! САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!
СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО – БОГАТСТВО СТРАНЫ! ВНЕСИ ВКЛАД, УЧАСТВУЙ В ПЕРСПЕКТИВЕ!

1 тамыз-31 тамыз
sanaq.gov.kz сайтында санаққа онлайн түрде қатысу

20 қыркүйек-20 қазан
Үй шаруашылықтарында интервьюерлердің сауалнама жүргізуі

1 августа-31 августа
Участие в перспективе онлайн на сайте sanaq.gov.kz

20 сентября-20 октября
Проведение опроса домашних хозяйств интервьюерами

1446
www.sanaq.gov.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

МЕНШІК ИЕСІ
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Таралымы 23817

Тапсырыс №902

www.instagram.com/syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор Ғазиза ӘБІЛДА

Редация мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz